

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі
Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық Университеті**

Тарих және География кафедрасы

ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

**Азия және Африка елдерінің қазіргі замандағы
тарихы**

пәні бойынша лекция жинағы

2 кредит

050114-Тарих мамандығының күнгізгі және сыртқы бөлім студенттеріне арналған

Шымкент -2011ж.

«Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі замандағы тарихы»
типтік оқу бағдарламасы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 11.05. 2005 ж. № 289-шы бұйрығына сәйкес шыққан

Типтік оқу бағдарламасы 050114 -тарих мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес жасалған.

Бағдарламаны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих факультетінің кеңесі 01.07.02006 ж. №7 хаттамасымен ұсынған.

Оқу әдістемелік кешенді дайындаған:
Кафедра меңгерушісі
Оқу әдістемелік бөлім бастығы:
Оқу әдістемелік кабинет меңгерушісі:
Б.М.

Торгаутова Ш.А.
Найманбаев Б.Р.
Такибаев М.
аға оқытушы Нурышева

1 Тақырып

XX ғ. II жартысындағы Азия және Африка елдерінің дамуының негізгі алғы шарттары.

1. Империализмнің отарлық жүйесі.
2. Аграрлық жүйе.
3. Капитализмнің ерекшеліктері.
4. Шығыстағы саяси және әлеуметтік процестер

1. Әлемнің көпшілік бөлігін отарға айналдырған монополиялар тәуелді елдерді қанау арқылы үлкен олжаға ие болды. Отар елдер шикізат көзі және арзан күш ретінде пайдаланылды. Капиталды отар және тәуелді елдерге шығару түрлі формада жүргізілді. Метрополиялар арзан бағамен үлкен көлемде жерлер алып, оларды плантацияларға айналдырды. Мысал; ағылшындар мен голландықтар Үндістан мен Индонезия плантацияларына ие болды. Француздар Алжир, Тунис және Марокконың бір бөлігін күштеп отарлады. Бұл елдердің шикізат көзі ретінде пайдалануының нәтижесінде әлемдік капиталистік өндіріске еріксіз тартылды. Метрополиялар өз отарларында “шаруашылықтың қай түрін таратамын” десе де өзі білді. Мысал; Ассам, Ява, Цейлон шай өндіру аудандары болса, Солүстік Африка-зығыр, Вьетнам-күріш, ал Египет мақта даласына айналды. Отар елдер дербес өндіріс базасын құру құқығына айналды.

Отарларға жұмсалған капитал негізінен әскери-стратегиялық маңызға ие-темір жол, порт, телеграф сымдарын салуға жұмсалды. Жергілікті халықты қанау арқылы неміс монополистері Багдад темір жолын салды. Бір ғана Оңтүстік Африка Одағында Бельгия мен Франция колонияларында 7000 миль темір жол салынды. Отаршыл мемлекеттер ашылған және ашылмаған шикізат аудандарын игере берді. Мұнай, руда, бағалы металлдар шел елдіктердің қолында болды.

Шет ел компаниялары ішкі сауданы игеріп қана қоймай, сонымен қоса Шығыс елдердің сыртқы саудасына да қол сұға бастады.

Арзан бағамен сатылатын товарлардан метрополиялар үлкен пайда көрді. Империализм-отар және тәуелді елдерде феодалдық қатнастардың жойылуына тосқауыл жасады. XXғ. басында Азия және Африка елдерінде натуралдық шаруашылық жойылып, товар-ақша қатнастарының орнап үлгергенімен, шаруашылық қанаудың нәтижесінде феодалдық және жартылай феодалдық қатнастар әлде де сақталып қала берді. Шаруалар жергілікті помещиктердің ғана емес, сонымен қоса шет ел монополистердің тарапынан да қанауға ұшырады. Олардың иелігіндегі плантацияларда жұмысшылар жартылай құл ретінде жұмыс істеді. Шет ел капиталының құйылуы феодалдық қанауды күшейтумен қатар жүрді.

Метрополиялар өз мүмкіндіктерімен мүдделеріне сәйкес отар елдерде дәстүрлі өндірісті өзгертті. Кей бір шығыс елдері (Жапония, Қытай, Сиам) батыстың ашық агрессиясынан қашып өз порттары мен елдерін европалықтардан жапты. Бұл осы елдердегі дәстүрлі өндірісті өзгертуді кешеулетті.

2. Шығыс елдеріндегі негізгі шаруашылық әр қашан да ауыл шаруашылығы болып келді. Халықтың 2/3 осы шаруашылықпен айналысты. Шаруашылық өндірістің ескі әдісі мен дәстүрін ұзақ сақтап отырды.

Метрополиялардың өз отарларында шаруашылықтың дамытуы олардың әлеуметтік, экономикалық және демографиялық жағдайына өз әсерін тигізді. Шет елдік плантациялық шаруашылық басқаларға қарағанда жылдам және ерте дамып, бірте-бірте өз заманының капиталистік өндірісіне айналды. Плантациялық шаруашылықтың дамуы отарларда капитализмнің қалыптасуына алып келді.

Алғашқы плантациялар XVII-XIX ғ.ғ Молукта кейінірек басқа да Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде пайда бола бастады. XX ғ. басында пайдаланбаған жерлерді иелену және техникалық мәдениетті сіңіру процестері көріне бастады.

Үндістан, Индонезия, Бирма, Египет, Малайя, Шри-Ланка және т.б. жерлерде плантациялық шаруашылық жүйесі пайда болы. Орманды джунглилер мен батпақтарды

плантациялық жерге айналдыру үшін тазалау жұмыстары жүргізілді. Плантациялармен қоса темір, тас жолдар, қоймалар, өндіріс орындары т.б қалыптасып, дами түсті.

Мұндай құбылыстар капитализмның шығыс елдеріне таралуына қолайлы жағдайлар жасады. Тәуелді мемлекеттерде бұған дейін өндірілмеген өнім түрлері шығарыла бастады. Үндістан-шай, Индонезия-кофе, Шығыс және Оңтүстік Азия елдерінің барлығында дерлік-каучук өндірілді. Жергілікті өсімдіктер-мақта, қант құрғағы, темекі, кокос ағашы, жүзім т.б. экспортқа шығару мақсатында бірнеше есе көбейтілді.

Кей бір Шығыс елдерінде мысалы, Египетте көп салалы шаруашылық ұйымдастырылды. Онда көкенис, мақта, дәнді дақылдар өсіріліп, сонымен қоса ферма, зауыт салу жұмыстары да жүргізілді.

Европалық капиталистерінің қожалық етуіне байланысты Алжирде негізгі шаруашылық бірте-бірте метрополия рыногына бағытталған көп табысты және кең көлемдегі шаруашылыққа айнала бастады. Плантациялық шаруашылықты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген кезде акционерлік қоғамдармен жеке кәсіпкерлер жұмысшыларды жалдауда қиыншылықтарға тап болып отырды. Жұмысшы табы енді ғана қалыптасып келе жатқандықтан, плантацияларда негізінен өзге төмен аудандардан келген мезгілді-мигранттар еңбек етті.

XX ғ. I-жартысында ауыл шаруашылығында кең тараған тип-аралас экономика болды. Онда негізгі товармен қоса тұтынуға арналған товарларды өндіру қатар жүрді. Бұлай біріктіру еңбек пен ұлттық рыноктың біртұтастығынан болды.

Ауылдарда ақша қатнастарының дамуы товар өндіру мен байланысты болды. Шаруаларға салық және жылда-жылға өсіп келе жатқан қарыздарын өтеу үшін қаржы қажет болды.

Уақыт өте келе салымдар мен қарыздардың өсуіне байланысты шаруалар өздерінің товарларын рынокқа шығара бастады. Олар қалалықтарды өз товарларымен қамтамасыз ете отырып, оны енді айырбас ретінде пайдаланды. Сондықтан XX ғ. басынан бастап Шығыс елдерінің көпшілігінде ауыл шаруашылық өнімдері товар айырбас ретінде жүрді. Ауылшаруашылық өнімдерінің қамтамасыз етілуінің нәтижесінде қала халқының саны өсе түсті.

3. XX ғ. I-жартысындағы Шығыс елдеріндегі саяси процестер күрделі де көп салалы сипатқа ие болды. Осы кезеңде әлемді бөлісу аяқталып, әлемді қайта құру үшін күрес жүріп жатқан. Оған отарлар материалдық және қол күші ретінде тартылды. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басыда отар елдер басып алумен қоса ұлы державалар арасындағы отарлар үшін күрестер жүрді. Оған Испан-американ, Англо-бурс және орыс-жапон соғыстары мысал бола алады.

Испан-американ соғысы Куба аралындағы Испан иелігіндегі толқулардан басталған балатын. Американ қауымы Испан әскерін 1898 жылғы “Мойро доктринасын” бұзды деп есептеді. Куба жағалауына жіберілген АҚШ-тың “Мэйн” броненосеці суға батты. Бұл іс әрекет соғыстың басталуына сылтау болды.

АҚШ Кубаның Испаниядан тәуелсіздігін алып беріп қана қоймай, сонымен қоса оның Филиппин аралындағы иеліктеріне де өз әскерін түсірді. Сонымен қоса АҚШ-тың Оңтүстік жағалауына жақын Пуэрто-Рико аралдарын басып алды.

Филиппинде Агинальдо басшылығымен жергілікті халық көтеріліске шықты. 3 жыл (1901 ж. дейін) ішінде АҚШ Филиппинді өз отарына айналдырды. 1893ж. Гавай аралының соңғы королевасы Лилицаналаны орнынан тайдырып, жерін өз территориясына қосып алды. 1894 ж. АҚШ пен Германия арасында Самао аралдары бөліске түсті.

Грасваль үшін ағылшындар мен бурлар, голландар арасында соғыс болды. 1900ж. бұл соғыс англияның пайдасына аяқталды.

Қиыр Шығыста XX ғ. тарихи оқиғалар 1900-1901 ж.ж. Қытайдағы ұлт-азаттық көтерілісті басумен басталды. Оған Англия, АҚШ, Германия, Жапония, Франция, Италия, Ресей, Австрия әскерлері қатысты. Бұл өз гегемониясын орнатқысы келген Жапония мен сол кезде Манчжурияны оккупациялаған Ресейдің арасындағы күресті тудырды. Бұл күресте АҚШ пен Англия Жапонияны қолдады. Соның күшімен Ресейді Шығыстан ығыстырып,

өздеріне тәуелді еткісі келді. 1904-1905ж.ж. арасында болған соғыста Ресей жеңіліске ұшырап Ляодун түбегін және Сахалин аралының Оңтүстік бөлігін иемдену құқығынан айрылып Кореядағы үстемдігінен бас тартуға мәжбүр болды, сонымен қоса Манчжуриядан өз әскерлерін алып кетуге тиіс еді.

Осы жеңістен кейін жас империалистік мемлекет-Жапония әр дайым жеңімпаз мемлекет ретінде көрінді. Оның жауынгершілік соғыстары 1905ж. басталды. АҚШ пен Англия оған әрдайым демеу көрсетіп отырды.

Жапонияның жеңілісі Шығыс елдерге ерекше әсер етті. 1905ж. бастап бұл континенттің елдері бірте-бірте халықтың құқықтық және саяси күрестің субъектісіне айнала бастады.

“Азияның оянуына” Ресейдегі 1905-1907ж.ж. революция, 1904-1905ж.ж. орыс-жапон соғысы, 1905-1908ж.ж. Иран революциясы, 1908-1909 ж.ж. жас түрік революциясы, Қытайдағы 1911-1913ж.ж. Синхай революциялары өз әсерлерін тигізбей қойған жоқ. Бұл революциялар антиколониалдық және антимонархиялық сипатта болды. Ұымдастырылуының дұрыс болмағандығынан, жұмысшы таптың сауатсыздығынан бұлардың барлығы дерлік толық жеңіліске ұшырады. Бірақ ұлт-азаттық тұрғыда біршама алға жылжулар байқалды.

Бұл революцияларда ұлт бөлінушілікке ерекше көңіл бөлінді. Ол әсіресе Турияда билік басына келген жас түріктер мемлекетінде айқын көрінді. Билікке келген өкімет түрк емес халықтарға: курд, македон, грек, араб, армян ұлттарына шовинистік көзқараста болды. Бұл саясат 1911-1912 ж.ж. Италиян-түрік, 1912-1913ж.ж. Балқан соғыстарының басталуына алып келді.

2 Тақырып

1900-1945ж.ж. Жапония

1. 1900-1945ж.ж. Жапонияның экономикалық және саяси жағдайы.
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония.
3. 1929-1933ж.ж. Қиыр Шығыс және тоқырау жылдарындағы Жапония.

1. XX ғ. басында Жапония қарқынды дамушы мемлекетке айналды. Жапон монополиялары помещиктер мен монархиямен тығыз байланыста болды. Жапония әлде де феодалдық құрылыста сақталды. Елді қаптаған қайыршылық пен бұқараға жердің жетіспеушілігінен кәсіпорындарға жұмысшы күші ағылып келді. Соның салдарынан Жапон жұмысшы табының жағдайы басқа капиталистік елдерге қарағанда төмендеп бірте-бірте отарлар мен тәуелді елдердің кебін кие бастады. Мемлекеттен үлкен көлемде субсидтер алып отырған буржуазия, шаруаларды қанауға қатысты. Жапон монополистері пайда табу үшін феодалдық тәртіпті сақтап отырды. Феодалдық тәртіптің ұзақ сақталуы елдің қаржы жағдайының төменгі дәрежеде қалып қойғанын көрсетті.

Жапон капитализмінің монополияға айналуына 1900 жылғы тоқырау себеп болды. Тоқырау ұсақ және орта өнеркәсіптердің ірі өнеркәсіптерге сінісуіне алып келді. Бұл тоқыраудан кейін Жапон монополиясы жылдам тарай бастады. Сонымен қоса банктік және өнеркәсіптік капитал дами түсті. Монополияның негізгі бірігу формасы-концерндер (дзайбацу) болды. Мицуй, Мицубиси, Сумитомо, Ясума сияқты ірі концерндер елдің байлығының бір бөлігін жинақтады.

Монополияның өсуінің маңызды факторы отарларды игеру болды. Монополистік капиталдың негігі белгісі-капиталды сыртқа шығару пайда болды. Жапон фирмалары Корея, Қытай, Тайваньға өз капиталдарын шығарды.

Елдің ішкі саяси өмірі үстем таптың билік үшін күрестеріне толы болды. Бұл күрестердің нәтижесінде арестократияның қолындағы билік Мэйдзи саяси партиясының қолына көшкен еді.

1867-1868 ж.ж. революциядан кейін билік дәстүрлі түрде арестократияның қолында болды. XX ғ. басына қарай Мэйдзи өз реформаларын даярлап, оны жүргізді. Жапон

конституциясын жасаушы Ито Хиробуми және ірі әскери қолбасшы Ямогата Аритомо (1838-1922 ж.ж.) үлкен ықпалға ие болды.

1894-1895 ж.ж. Қытай-жапон соғысынан кейін күшейіп алған буржуазия саяси партияларында позицияларын күшейтіп, мемлекеттік бағытқа ықпал етуді көздеді. Бюрократия өкілдері конституциялық жүйеге бақылау жүргізу үшін саяси партиялармен жақсы қарым-қатнаста болу керек екенін түсінді.

Корея және Солтүстік-Шығыс Қытайда үстемдік жүргізу үшін Ресеймен соғысқа дайындала отырып Жапония әскерін милитаризациялауға арналған бағдарлама жасау туралы шешім қабылдады. Императордың қолдауына сүйене отырып маршал Ямогата әскери заң қабылдады.

Ямогатаға қарсы Ита Хиробуми басшылығымен саяси топ қалыптасты. Оның құрамына негізінен ірі буржуазия кірді. 1900 ж. Ито Сэйюкай (Саяси достар партиясы) партиясын құрды. Итоның іс-әрекеттерінің нәтижесінде Ямогата премьер-министр қызметінен ығыстырылды.

Дегенмен, 1901 ж. өзінде оның орнын Кацура Торо (1847-1913ж.ж.) басты. Ол басшылыққа келсімен Ресеймен соғысқа дайындықты тездетті. Торо 1902 ж. Ресейге қарсы Ұлыбританиямен келісім шарт жасап, АҚШ-тан қаржылай көмек алуға қол жеткізді.

1904-1905 ж.ж. Жапония Ресейге соққы берді. Ресей мемлекет ішіндегі қайшылықтардың салдарынан әлі соғысқа дайын емес еді. Жеңіске жеткен Жапония Портсмут келісімі бойынша Ляодун түбегіне, Сахалин аралдарының Оңтүстігіне ие болды, сонымен қоса Корея мен Манчжурияға ықпал ету құқығына ие болды.

Орыс-жапон соғысы жапон капитализмінің империализмге өткенін көрсетті. Соғыстың нәтижесінде жапондықтар үшін Кореяда кең жол ашылды. 1905 ж. ноябрьде Корей өкіметі Жапон проректоратының орнауы туралы келісімге қол қоюға мәжбүр болды. 1910 ж. Корей халқының қарсылығына қарамастан Корея Жапонияның отарына айналды. Осы қарсылық көрсету әрекеттерінің бірінде Кореяның бірінші генерал-губернаторы Ито Хиробуми қаза тапты.

Квантун облысын иеленген Жапония Манчжурияда өз ықпалын күшейтті. 1909 ж. онда әскерін күшейте отырып, Қытайды өз жерінде темір жол салу туралы келісім шартқа қол қоюға мәжбүр етті. Соғыстан кейінгі елдің қаржы жағдайының нашар болуына қарамастан жаңа рыноктарды игеру өнеркәсіпті көтеруге қолайлы жағдайлар туғызды. Соғыстан кейінгі бір жыл ішінде 180-нен аса өнеркәсіп және сауда-акционерлік компаниялары пайда болды.

Орыс-жапон соғысы мен милитаризацияның жалғасуы ауыр индустрияның дамуына жағдай жасады. Өндірістік орындарының техникамен жабдықталуына қарамастан Жапония аграрлы-индустриялы мемлекет болып қала берді.

Жапонияның ірі отаршыл державаға айналуы Қиыр Шығыс елдерінің күш арақатнасын өзгертті. Жапония Батыс державалармен сауда қарым-қатнастарын жасауға келісімге келді. Англия мен АҚШ Жапонияны қолдай отырып, оның көмегімен Ресейді әлсіретуді көздеді. Дегенмен, олардың үміті ақталмады. Жапония Оңтүстік Маньчжурия рыногын жапты. Жапонияның Қытайдағы экспанциясы Англия және Америкамен қарым-қатнастарын шиеленістірді.

Таптық күрестің өршуі

Жапонияда ұйымдасқан жұмысшы қозғалыстары 1890 ж. бастап басталды. Оларды ұйымдастыруда Жапон және халықаралық қозғалыстардың көрнекі қайраткерлері Сэн Катаяма басты рольге ие болды. Өнеркәсіптер журналдар шығару және шерулерді ұйымдастырумен айналысты. Сол уақытта социалистік идеяларды тарату жұмыстары қатар жүрді.

1901 ж. мамырда Жапон социал-демократиялық партиясы құрылып, бірақ ол сол күні 1900 жылғы заңға сәйкес жабылды. Бұл заң бойынша кәсіподақтар мен ереуілдер заңсыз құбылыс деп табылды. Дегенмен, 1903 ж. социалистер және олардың көшбасшысы Котоку қарапайым халық қоғамын құрып, “халықтың” газетін шығаруға қол жеткізді.

Соғыстан кейін және Ресейдегі революцияның ықпалымен шерулер саны көбейе түсті. Оның шырқау шегі 1907 ж. ресми түрде 57 ірі шерулердің тіркелуі болды. Өкімет көтерілісшілерге қарсы әскер қолданды. 1910 ж. Императорға қастандық жасады деген жаламен Котоку және оның жұбайы мен 24 шақты жолдастары тұтқындалды. 1911ж. қаңтарда Котоку мен оның 11 жолдасы өлім жазасына кесіліп қалғандары каторгаға айдалды. Ол жазаның жала екенін тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мұрағат құжаттары растаған еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қатал саясатқа қарамастан Жапонияда жұмысшы көтерілісшілердің саны азайды. Жұмысшы қозғалыстармен қоса демократиялық наразылықтар да туа бастады.

1914 ж. Жапония Антанта тарапынан Германияға қарсы соғысқа қатысқанымен, ешқандай соғыс қимылдарын жүргізген жоқ еді. Дегенмен, Германияның Қиыр шығыстағы иеліктеріне ие болып қана қоймай, ол жерлерден европалық державалардың ығысуына қол жеткізді. Бұл Жапонияның экономикасының күшеюіне жағдай жасады.

Жапонияның басты бағыты Қытайды отарлау болды. 1915 ж. Шаньдун провинциясын басып алып, ондағы ықпалын күшейте түсті.

1919ж. Версаль конференциясында Жапония Шаньдун мен қоса Корелин, Мариан аралдарын өз қол астына алды. Жапонияға мұндай мүмкіндіктердің берілуінің себебі оны Кеңестік Ресейді интервенциялауға белсене қатыстыру болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония. Вашингтон конференциясы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония Ресейлік Приморье, Шығыс Сібір, Солтүстік Сахалинді басып алу үшін бір қатар іс әрекеттер жасады. Дегенмен, Қызыл Армияның күшімен жапон интервенттері 1922 ж. Сібір мен Қиыр Шығыстан қуылды. Сахалиннің Солтүстік бөлігі тек 1925 ж. ғана тазартылды.

1921-1922 ж.ж. өткен Вашингтон конференциясында Жапонияның иеліктері қысқарды. Бұл конференцияны АҚШ ұйымдастырды. Оған: АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Франция, Италия, Голландия, Бельгия, Португалия және Қытай қатысты. Конференцияда бірқатар келісім шартқа қол қойылды. Қытайға Шаньдун провинциясы қайтарылды. Онда АҚШ пен Ұлыбритания үстемдігі күшейді. АҚШ Ұлыбританияның Жапониямен келісімім-шартын бұзуға қол жеткізді. Сонымен қоса Жапония теңіз әскерін қысқартуға мәжбүр болды.

1923-1929 ж.ж. Жапония

Жапония өзге де капиталистік елдер сияқты экономиканың қалыптасуы мен көтерілуін бастан кешірді. Елдің экономикасын қайта көреру 1923 ж. 1 қыркүйектегі жер сілкінісінен кейінгі қайта құру жұмыстарынан басталды. Мемлекет ірі кәсіпкерлерге төлемнің уақытын созып және компенсация төлеу арқылы көмек көрсетті.

Жапонияда өзге капиталистік елдер сияқты жұмысшы қозғалыстарының саны көбейе түсті. Елде көптеген жұмысшы партиялары құрылды. Өкіметтің жазалауына қарамастан олардың саны азаймады.

1927 ж. көктемде Вакацуки өкіметін Танака алмастырды. Танака агрессиялық саясат ұстанды. Ол ең алдымен Қытайды тізе бүктіру арқылы, қалған Азия елдерін оңай бағындырамын деп сенді.

Тоқырау жылдарындағы Жапония және Қиыр Шығыстағы соғыстар

1929-1933ж.ж. аралығындағы тоқырау Жапонияның экономикасына қатты соқы болып тиді. Әсіресе жібек өсіру саласы жапа шекті. Шаруалардың көп бөлігі шаруашылықтың осы саласымен айналысқандықтан, олардың саны қысқарды. Бұлардың өнімінің бағасы төмендеп және қысқара түсті. Сонымен қоса кеме соғу, көмір өнеркәсіп өнімдерін өндіру қысқарды.

Билеуші топ қиыншылықтарды жалақыны қысқарту арқылы жеңуді көздеді. Онсыз да күйзелген отарларды қанау күшейді. Ол Тайвань және Кореяда көтерілістің бұрқ етуіне себеп болды.

Тоқырау демократиялық қозғалыстардың санын арттырды. Солтүстік Қытаймен соғысқа даярланған өкімет көтерілісшілерге қарсы репрессияны күшейтті. 1929-1933 ж.ж. аралығында 50 мың адам сотталды. Коммунистік партия өкілдері Токуда, Ватанабо, Кобояси, Наро т.б. түрмеге жабылды немесе өлтірілді.

3 Тақырып

1900-1945 ж.ж. Қытай

1. Қытайдағы Синьхай революциясы.
2. 1914-1925ж.ж. Қытай.
3. Қытай революция және азамат соғысы жылдарында (1925-1927ж.ж.)
4. Капиталистік елдердің Жапон агрессиясына қарсы соғысы.

1908 ж. бастап мемлекет басшылығына ресми түрде Гуансюдің немере інісі Пу И отырды. Шын мәнінде өкіметті Гуансюдің әкесі князь Цунь басқарады.

Сунь Ятсен (шын аты Сунь Вэнь) Гуандун провинциясында 1866 ж. шаруа семьясында дүниеге келді. 1878 ж. мектепті бітірген соң Гавай аралдарында ағасының қолында тұрып оқуын жалғастырды. 1884 ж. еліне оралып антициндік қоғамдардың біріне кіреді. 1892 ж. Гонконгта медициналық институтын бітірді. Біраз уақыт Жапонияда өмір сүреді, 1895 ж. Қытайда “Қайта өрлеу Одағын” құрды.

Цин империясының ақырының алғы шарттары 1906-1910 ж.ж. Қытайдың көптеген аймақтарында шаруалар көтерілісінің болуымен басталды. 1911 ж. Гуанчжоуда біріккен Одағының ұйымдастырылуымен көтеріліс бұрқ етті. Қытайдың ірі орталықтарының бірі-Учанда қозғалыс орын алды. Бұл оқиға Синьхай революциясының бастамасы болды (Синьхай-Қытай календарі бойынша 1911 ж. осылайша аталады. Революция 1911 ж. 30 қаңтардан 1912 ж. 17 ақпанға дейін созылды.). Революция сипаты жағынан-буржуазиялық революция болып есептелді. Бұл революцияның негізгі мақсаты Цин империясын құлату болды.

Көтеріліс Хунань, Шэньси, Цзанси, ал қараша айында Оңтүстік, Орталық және Солтүстік Қытайға тарады.

1 желтоқсанда Юань Шикай көтерілісшілерді келісімге келуге шақырды. Пекиндегі билік Шикайдың қолына өтті. Ол император Пу Иді тақтан құлатуға дайындалды. 25 желтоқсанда эмиграциядан оралған Сунь Ятсен Қытайдың уақытша президенті болып тағайындалды. Ресми түрде Сунь Ятсен Қытай Республикасының президенті болып 1912 ж. 1 қаңтарда тағайындалды.

Елдегі өршіп келе жатқан азамат соғысын тоқтату мақсатында Сунь Ятсен президенттік орнын Юань Шикайға беруге келісті. Есесіне Юань Шикай монархиялық биліктен бас тартуға тиіс болды. Пу И билігін 1912 ж. 12 ақпанда ресми түрде Юань Шикайға тапсырды. Қытай Республикасының астанасы Пекин қаласы болды.

Бірінші уақытша президенттен екінші уақытша президентке тапсырылу салтанаты 1 сәуірде өтті. Осы кезде уақытша конституция қабылданды. Президент әскери күштің бас қолбасшысына айнала бастады.

Юань Шикай елде өз диктатурасын орнатуды көздеді. Оған қарсы Сунь Ятсен Гомиьдан (халық партиясы) партиясын құрды. Бұл партия парламанте де көпшілік орынға ие болды.

Шикай Батыс державалардың қолдауына сүйенгісі келді. Елдегі революцияны басу үшін Шикай бұл державалардан 5 % жылдық төлем ақымен 25 млн. фунт стерленг алған болатын. 1913 ж. Сунь Ятсеннің өз жақтастарын Шикай өкіметіне қарсы көтеріліске үгіттеуі кеш жасалған іс әрекет болды.

Қазан айында Шикай Қытай Республикасының тұрақты президенті болып тағайындалды. Парламент таратылды, ал Гомиьдан өз өмір сүруін тоқтатты. Сонымен қоса президенттің билігін күшейтетін жаңа конституция қабылданды. Сунь Ятсен Қытайдан Жапонияға жер аударды.

1911-1913 ж.ж. революция XXғ. Қытай трахының негізгі оқиғасына айналды. Бұл революция Сунь Ятсен мен оның жақтастарының саяси білімінің Шикай маңындағыларға қарағанда әлде де төмен екенін көрсетті. Нәтижесінде революция алдына қойған үш мақсаттың (монорхияны құлату, буржуазды-демократиялық мемлекет құру, аграрлық мәселелерді әділ шешу) тек алғашқы екеуіне ғана қол жеткізді.

Революция жылдарында Монғолия (Халка) мен Тибет өз тәуелсіздіктерін алу үшін күрес жүргізген болатын. Тек 1913 ж. Ресей мен Қытай Республикасы Монғолияны Қытайдың автономиясы деп таныды.

2. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталысымен Шикай өкіметі өз нейтралитетін сақтайтының жариялады. Дегенмен, қарсылас мемлекеттің ықпалында болғандықтан, болып жатқан оқиғалардан тысқары қалып кету мүмкін емес еді. 1914 ж. 22 тамызда Жапония өз әскерін Шаньдин түбегіне түсірді. Екі ай көлемінде жарты арал соның бақылауына көшті. Бұл кезде Юань Шикай қайта монархияны орнатып, оның басына өзі отыру идеясын таратумен қолы босамай отырған еді. 1915 ж. 9 мамырда бұл талап жеңіліс тапты. Бұл күн Қытайда “масқара күні” деп жарияланды.

Шикай қызын манчурияның соңғы императоры Пу Иге ұзатып, императорлық таққа біршама жақындай түсті.

11 желтоқсанда Орталық кеңесу палатасы елде конституциялық монархия құру және оның императоры деп Юань Шикайды тану туралы шешім қабылдады.

Күйреуге ұшыраған республикалық позиция еш нәрсе істей алмады. Олардың ішіндегі беделді Сунь Ятсен эмиграцияда болды, ол сонда Қытайлық революциялық партиясын (Чжунхуа Гэминдан) құрды.

1915ж. аяғынан бастап көптеген провинцияларда көтерілістер басталды. Революциядан қорыққан Юань Шикай 1916 ж. наурызда монархияны қайта құру идеясынан бас тартты. Бірақ көтерілісшілерге бұл да аз еді. Олар оның отставкаға кетуін талап етті. 12 мамырда Гуанчжоуда “Тәуелсіз провинциялардың Оңтүстік Федерациясы ” құрылды. Оның құрамына Юньнань, Гуйчжоу, Гуанси, Гуандук, провинциялары кірді.

6 маусымда жан-жалдың өршіген шағында Юань Шикай жүрек ауруынан қаза тапты. Вице-президент Ли Юаньхун Шикайдың орнына отырған соң 1912ж. конституция мен таратылған парламентті қайта орнатты. Шикайдың көптеген қарсыластары соныме қоса Сунь Ятсен эмиграциядан қайта оралды.

1917ж. Ли Юаньхун парламентті қайта таратуға мәжбүр болды. Депутаттардың көпшілігі соның ішінде Сунь Ятсен де Оңтүстікке қашты. Монархияны жақтаушылар өз мақсатына жететін уақыт келді деп түсінді. 1 шілде күні генерал Чжан Сюнь өз әскерін Пекинге кіргізіп 1912 ж. орнынан алынған 12 жасар Пу Идің билігінің қайта орнағанын хабарлайды. Бұл монархия бірнеше күн ғана өмір сүрді. Оны жергілікті халықпен қоса жапондықтарда қолдамады. Чжань Сюнь Пекиннен қашуға мәжбүр болды.

1917ж. 14 тамызда Қытай Германияға соғыс ашты. Қытайдың соғысқа қатысуы тек қаржылай көмек арқылы іске асты.

Соғыстан кейін елде келіспеушіліктер өрши түсті. Соғыс кезінде Антанта елдерінің бұл жерде бақылауының әлсірегенін жергілікті буржуазия өз мүддесіне пайдаланды. Дегенмен, өнеркәсіптің басты салаларында шетел капиталдыры үстемдік жүргізді. Мысалға, көмір өндірудің жартысын, темір рудасының 3/1, мата тоқу өнеркәсібінің 60% жапон капиталы иеленді. Темір жолдары мен көптеген банктер шетелдіктердің қолында болды. Сыртқы сауда байланыс жүйесі, кеден салымдарын да солар қадағалады. Жердің 80% ірі жеке меншік иелерінің қолында болды. Олар ауыл халқының 10/1 ғана құраған болатын. Сондықтан да шаруалардың жерді жалға алуына тура келді.

Ресейдегі қазан төңкерісінің жеңісі қытай халқына ерекше әсер етті. Артта қалған Ресей енді ел ретінде көрінді.

Сунь Ятсен В.И.Ленинге екі ел арасында қолайлы қарм-қатнас жасау туралы ұсыныспен телеграмма жіберген болатын. Большевиктердің жетістіктеріне күә болған Сунь

Ятсен Ресейге іс-тәжірибе алу үшін өзінің жақын көмекшілерін жіберуді де ойлаған болатын. Бірақ ол іске аспады.

Париж конференциясында Қытайға қатысты белгіленген шешімнің нәтижесінде елде қозғалыс өршіді. Олардың ішінде ең ірісі “4 мамыр қозғалысы” деген атқа ие болған студенттердің қозғалысы болды. Германияға қарсы соғысқа Қытай Антанта жағында болғанына қарамастан Германияның шығыстағы иеліктері, яғни Шаньдун жарты аралы Жапонияның ықпалына берілді. Ал жергілікті халық болса соғыс аяқталған соң Шаньдун түбегі Қытайға қайтарылады деп күткен еді. Бұл жағдай көпшіліктің қарсылығын тудырды. Ол алдымен Пекинде басталса кейінірек басқа да аймақтарға тарады.

Алғашқыда көтеріліске студенттер шықса, оларды енді басқа да тап өкілдері қолдай бастады. Халық жапондық министірлердің отставкаға кетуін талап етті. Жапон товарларына байкот жариялады. Нәтижесінде өкімен Версаль келісім шартына қол қоюдан бас тартты. Содан кейін отставкаға кетуге мәжбүр болды.

Революцияға дайындалу үшін 1919 ж. Гоминьдан партиясы қайта құрылды. 1920ж. Сунь Ятсен Оңтүстік Қытайға қайта оралып, президенттік қызметке ие болды. Ол тез арада Солтүстікке әскери жорық жасауды көздеді. Бірақ жергілікті өкімет оны орнынан алды, ал сунь Ятсен болса Шанхайға қайта оралуға мәжбүр болды.

Сунь Ятсеннің әлсіздігін байқаған радикалды тотың бір бөлігі жеңіске социалистік революция арқылы жетуге болады деп сенді. Сондықтан да елде марксистік идеялар таратуға кірісті. Марксизмнің идеяларын таратушылардың басшылары Чэнь Дусю және Ли Дачжао болды.

3. Контрреволюциялық төңкеріс

Шетел империалистері кез-келген айла тәсілмен революцияны болдырмауға тырысты. Қытайдың су айдынында 170-ке жуық соғыс келесі болды, олардың иелері американдықтар мен ағылшындар болды. 1927 ж. наурызында ағылшын және американдық кемелері Нанкинге артилериядан оқ жаудырды. Чан Кайши империалистермен және жасырын тыңшылармен байланыс жасады.

Чан Кай Шидің әскері Шанхай жұмысшыларын қарусыздандырдырып, ата бастады. 1917ж. Чан Кай Ши Нанкинде өз өкіметін құрды. Бүкіл елде солтүстік милитаристері Ли Дачжао мен компартияның басқа да өкілдері дарға асылды.

1925-1927 ж.ж. ұлттық революция жеңіліске ұшырады. Пролетариат еңбекші шаруалармен одақтасқанда ғана елді жартылай отарлы империалистік тәуелсіздіктен құтқаруға, ірі буржуазияны, феодализм мен милитаризмді жояға болатындығы және Қытайды әлеуметтік саяси және мәдени прогресс жолына шығара алатындығы айқын көрінді. **Жапон империализмінің агрессиясына қарсы күрес.**

Гоминьданның реакцияшыл саясаты Қытайды әлсіретіп, оны империалистердің оңай олжасына айналдырды. 1931ж. қыркүйекте жапон империалистері елдің солтүстік-шығыс бөлігін бүгіндегі экономикалық жағынан ең жоғары дамыған ауданы-Дунбэйды (Маньчжурия) басып алды. Басқа империалистік державалар Жапонияға айтарлықтай қарсылық көрсеткен жоқ, себебі Жарония КСРО-ға қарсы сағысқа шығады деп сенді.

Жапон агрессиясымен күресте Қытайдың халқаралық жағдайын нығайту үшін КСРО 1932 ж. желтоқсанында Қытаймен үзілген қарым-қатнастарын қайта орнатты.

1932ж. қаңтарда Жапон милитаристері Шанхайды басып алуға әрекет жасады. Чан Кай Шидің жарлығына қарасмастан Гоминьдан әскері қаланы қоршауға шыққан халықтың жағына шықты. Жергілікті халықтың Шанхайға даярланған жапон әскерінің шабуылын болдырмаудың өзі қалың бұқараның арасында патриоттық сезімнің өсе түскенін көрсетеді.

1935 ж. Жапон басқыншылары Солтүстік Қытайдың жаңа жерлерін басып алды. Жапон агрессиясы елде патриоттық және антиимпериалистік көзқарасты тудырды және өршітті. Оған жұмысшылар мен шаруалар ғана емес сонымен қоса ұсақ буржуазия, көптеген тұрақты әскер, студенттер қатысты. ҚКП (Қытай коммунистік партиясы) 1935ж. тамызда Гоминьдандағы азамат соғысын тоқтатуға шақырды. Ол Гоминьданмен бірігіп антижапондық ұлттық майдан құруға әзір екенін білдірді.

Гоминьдан басшылығы халық қысымымен азамат соғысын тоқтатып, ҚКП-мен келісімге келуге мәжбүр болды. 1937 ж. антижапон-антиимпериалистік майдан құрды. Қытай халқының жапон империализміне қарсы сегіз жылдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық соғысы басталды. Бұл соғыс империализмнің орталық жүйесі дағдарысының барған сайын тереңдей түскенін көрсетті.

1937 ж. тамызда КСРО мен Қытай арасында шабуыл жасаспау туралы келісім шартқа қол қойды.

1925 ж. 1 маусымда Гуанчжоудағы (Контон) Оңтүстік өкімет Қытайдың саяси бірігуі үшін күрес бастады. Осыдан кейін Гоминьдан ішінде Чан Кай Шидің позициясы күшейе түсті.

Чан Кай Ши (Цзян Чжунчжэн) 1887 ж. кедей саудагер отбасында туды. 1907ж. Жапониядағы әскери мектепке түседі. Оны бітірісімен жапон әскеріне қызметке орналасты. Осында келіп Сунь Ятсен идеяларымен танысады. Синьхай революциясының басталуымен Қытайға қайта оралды. 1912 ж. Гоминьдан мүшесі болды. Юань Шикайға қарсы күреске қатысты. 1923 ж. Оңтүстік өкімет делегациясының басшысы болып Москвада болды. 1924 ж. Вампуда әскери мектептің басшысы болып тағайындалды. Сунь Ятсеннің өкіметінен кейін Оңтүстікте әскердің басшысы болып тағайындалды.

Алғашқыда Ю.Шикай Гомиданнің солшыл мүшесі болып есептелді. Ол кеңестік әскери тәжірибе сонымен қоса ұлттық білім алу мақсатында жақтастарын сонда жібірді. Дегенмен, Сунь Ятсеннің өлімінен кейін ол партияның оңшыл бөлігіне көше бастады.

Чан Кай Шидің ұлттық буржуазиялық өкілдерінің көпшілігі қолдады. 1926 ж. ол Гуачжоуда әскери диктатура орнату мақсатында революцияға ҚКП және Гоминьданның солшыл тобын қатыстырмау іс-әрекеттерін жасады. Дегенмен, кеңес әскерінің көмегін керек еткендіктен бұл іс әрекетке бара алмады.

Бұл кезеңде Оңтүстік өкімет Гуандуннан басқа Гуанси, Гуйчжоу және Хунани провинцияларын бақылады. 1926 ж. Чан Кай Шидің басшылығымен “Солтүстік жорық” деп аталған әскери қимылдар басталды. Ол 1927 ж. дейін созылып, табысты аяқталды деп айтуға болады. Гоминьдан билігі территориясын ұлғайта түсті.

4 Тақырып

Оңтүстік және Оңтүстік–Шығыс Азия елдерінің тарихи дамуы. 1900-1939

ж.ж. Үндістан

1. Үнді халқының отаршыл ағылшындармен күресі.
2. Дүниежүзілік дағдарыс (1929-1933 ж.ж.) кезіндегі Үндістан.
3. Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеуі.
4. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Үндістан

1. Ұлт-азаттық күрес ең үлкен британ отары-Үндістанды шарпыды. “Британ империясының-інжу маржаны” атанған халық бұхарасы өздерін де, жат жұрттың қанаушыларын да езгісіне ұшырады. Еңбекшілердің көпшілігі жоқшылықта өмір сүрді, олардың біразы ауру мен аштықтан өліп те жатты. Отаршыл индустар мен мұсылмандарды бір-біріне арандатып отырды, әр қаста өкілдерінің арасында дұшпандық от тастап жауластырды. Азаттық қозғалысына қатысушылардың алғашқы санында Бомбей қаласының жұмысшылары болды. Ал қала үнді жұмысшысы тобының қалыптасуының орталығы еді, онда 18 млн. адам (елдің 11%) тұрды. Үнді еңбекшілерінің отаршылыққа қарсы күресте тәжірибесі де бар еді. Сонымен қоса ұйымдастыру жағынан да дәрежесі жоғары болған. Ереуілдер мен шерулер басқа да қалалар да өтті. Селолық жерлерде де ереуілдер бұрт етті. Бірінші дүниежүзілік соғыста Англия жеңіске жеткен соң, онда үнді халқы әлеуметтік және саяси өзгерістер күтті. Бірақ ағылшын парламенті Үндістанды басқару жөнінде заң қабылдаумен шектелді. Бұл заң қабылдаумен шектелді. Бұл заң бойынша үнділерге вице-король мен провинциялар губернаторы төңірегіндегі екінші дәрежелі қызмет беру көзделді. 1919 ж. үкіметке қарсы әрекеттер жасағандығы жөнінде күдік келтірілген адамдарға қарсы қылмыстың жазаны күшейту көзделген заң күшіне енгізілді.

Бұл заңға жауап ретінде бүлік халықтың азаматтық бағынбау компаниясы өткізілді. Осынау бас көтеруге шақырып Махандас Корамчад Ганди (1869-1948ж.ж.) сөз сөйледі. Ол бұдан кейін Үндістан халқының конгресінің танымал жетекшісі болды.

Қантөгіс пен соғысқа саналы түрде қарсы болған Ганди халықтар арасындағы қарама-қарсылықты имандылықпен әділеттіліктің жалпы адамдық заңдылықтары салтанат құруын көкседі. Ол бұқараның ұлт-азаттық қозғалысқа миллиондаған үнділіктерді қатыстыруға елдің жағдайы мен дәстүріне сәйкес келетін құралдарды ұсынды. Бұл ретте отаршыл өкіметтің қатаң қуғын-сүргінге түсуіне негіз жасауға мүмкіндік бермейтіндігі күрес жолдарын пайдаланды. Сөйтсе де қуғын-сүргін кейде пайдалы да болды.

Ганди отаршылдыққа қарсылық білдіруші күш қолданбай жасаудың бастаушысы болды. Ол бейбіт шеру мен ереуіл ағылшын товарларынан бас тартуі матаны жергілікті жіптен ғана тоқу, мемлекеттік қызметтен бас тарту, өкіметтің заңдары мен жарлықтарының орындамау, салықтарды төлемеу түрінде көрінді.

Гандидің шақырылуымен 1919 ж. сәуірдегі барлық қызмет тоқтады: кәсіпорындар мен мекемелер жұмысын доғарды, дүкендерде сауда жұмыстары тоқтады, оқу орындарында сабақ тоқтамады. Күш қолданбай қарсылық көрсетуді үйренген өкімет орындары көтерілістің басы болар деп ұқты. Әске мен полиция бейбіт шеру мен митингіні қуып тарату жөнінде бұйрық алды. Үнді қалаларында қан төгілді.

Амритсарда (Пенджаб провинциясы) қайғылы оқиға болды, онда бағынбау компаниясының тұтқынға алынған басшыларын босату демонстрациясына мыңдаған адамдар қатысты. Демонстрацияға қарсы солдаттар жіберіп, арасында қақтығыстар пайда болды. Бұдан кейін бірнеше күн өткен соң қала алаңына 20 мыңдай қалалықтар мен шаруалар жиналды. Митингінің қызған кезінде алаңға әскер келіп, қарусыз адамдарды шанышқылап өлтірді. Амритсардағы жәбірлеу бүкіл елде ашу-ыза тудырды. Гандидің ұсынысымен 1920 ж. ҰҰК жаппай бағынбау компаниясын жариялады. Мұнымен бірге ҰҰК жағдайға қарай, Британия империясы ауқымында немесе одан тыс үндістанның тәуелсіздігіне жету міндетін алға қойды. Ганди үнділерге сөз, митинг, жиналыс бостандығын беруді талап етті.

Аппараттың қысымшылығының күшеюіне қарамастан, үкіметтің саясатына қарсы халық кең құлаш жайды. Ағылшындар тарапынан болған жазалау шаралары кей жерлерде қарсы күш қолдануға соқтырды. Көп кешікпей қозғалыстың беті қайтып, оны басқару әлсіреді, конгрестің көптеген белсенді қайраткерлері түрмеге жабылды. 1822 ж. Ганди азаматтық бағынбау компаниясының тоқтағанын хабарлайды Үндістандағы ұлттық күрестің уақытша бәсеңдеу кезеңі басталды.

Гандидің айрықша орны оның үнді халқының Ұлттық тәуелсіздік жолындағы ауқымды қозғалысты бастап бергені болды. Бұл қозғалыс өз қатарына түрлі қоғамдық күштерді біріктірді. Гандидің басшылығымен ҰҰК бұқаралық нақты іс әрекет партиясына айналды.

2. 1929-1933 ж.ж. дүниежүзілік экономикалық дағдарыс Үндістердің экономикасына да ауыр тиді. Дағдарыс жылдарында үнді шаруалары бұрынғыға қарағанда сатылатын бидайға екі есе кем алатын болды. Соған қарамастан британ өкіметтері салықты, ал помещиктер аренда төлемін бұрынғысынша ала берді. Шаруалар күйзеліске ұшырап, жерлерінен айрылды, қайыршылыққа ұшырады. “Өндірістік жаңарту” салдарынан барлық жерде жұмысшылар жұмыстарынан айрылды. Үнділік ірі капитал мен шетелдік монополиялары ұсақ және орташа кәсіпорындары мен фирмаларды банкротқа ұшырады.

Жұмысшылар ағылшын монополиялары мен жергілікті капиталистердің шабуылын жергілікті капиталистердің шабуылын тойтарып тастады. Әсіресе, 1928 ж. жарты жылға созылған Бомбей тоқымашыларының жаппай стачкасы жауынгерлік сипат болды. Ереуіл жасаушыларға КСРО тоқымашылары материалдық көмек көрсетті. Кәсіпкерлер мен отаршыл өкіметтер жеңілдік жасауға мәжбүр болды. Алайда Бомбей тоқымашылары шеруді жалғастыруға тура келді, алайда өкімет әскері оны кейін шегіндірді.

Бомбей оқиғалары үнді пролетариатының өсіп және күшейіп келе жатқанын көрсетті.

Отаршылдар 1929 ж. көктемде коммунистер мен кәсіподақтардың солшыл басшыларын тұтқынға алды. Меерохте (Мирут) төрт жылға созылған сот процесінде оларды “британ тәжіне қарсылық жасау ұйымына” қатысты деп айыпталды. Коммунистер сот мәжілістерін ағылшындарды жүргізіп отырған Үндістанды отарлық қанау саясатын әшкерлеуге, сондай-ақ коммунизм мен ұлт-азаттық идеяларын насихаттауға пайдаланды. Дж. Неру мен оның әкесі әкесі айыпталған жұмысшылардың жетекшілерін “қорғау комитетін” құрып оларды заңгер ретінде қорғайтынын білдірді.

Тұтқынға алу партия ұйымдары мен кәсіподақтарды әлсіретті. Бостандықта қалған ҮКП басшылары ҮҰК басқарған қозғалысқа коммунистер қатыспау керек деп қателік жасады. Одан дербес үш одақ құрылды. Коммунистер кәсіподақтардың Қызыл конгресін басқарды.

3. 1919 ж.ж. Монтегю-Челмсфорд реформасы деген атпен белгілі болған заң қабылдады. Ол бойынша Үндістанды басқару тәртібі белгіленген болатын Сайлаушылар құрамын орталық (халықтың 2 % және провинцияның 3%) аймақтарда кеңейту көзделді. Атқарушы кеңесте үндістерге тек вице-король және провинция губернаторларынан кейінгі лауазымдар берілді. Реформа бойынша мұсылмандар мен үндістер сайлауға екі түрде формада қатысты. Мұсылмандар өздері аз орналасқан провинцияларға 30%, ал көпшілікке ие болған жерлерде Заң жиналыстарының жарты орнына ие болды. Британдықтардың үндістер мен мұсылмандарды бір-біріне қарсы айдап салу іс-әрекеті арқылы өз билігін күшейтті.

Үндіс қоғамының бет қаймақтары әкімшілік аппараттағы қызметтерге қол жеткізгеніне қарамастан, ағылшындар қаржы, әскер, полицияны бақылай отырып негізгі билікті өз қолдарында ұстап қала берді. Көптеген шектеулерге қарамастан реформа конституциялық мемлекеттің қалыптасуына қадам болды.

Реформа отар елдің билігінің шектеклеуіне алып келді. Автократияны “диархия” алмастырды.

Жасалған шектеулермен қоса ағылшын үкіметі ұлт-азаттық көтерілісшілерге қарсы жаппай қуғын-сүргін бастады.

1919 ж Роулеттің Үндістанда ағылшындарға қарсы шығушыларды сотсыз қамауға алып немесе айдауға құқық беретін заң қабылдады. Либералдар федерациясы мен Мұсылман Лигасы бұл заңды мақұлдаса ҮҰК-сі керісінші оның жойылуын талап етті.

20-ші жылдардың басында Үндістанда саясатына бұқара халық коммунистік және экстремистік топтардың есебінен белсене қатыса бастады.

Үндістанда жасырын қоғамдар ХІХ-ХХ ғ.ғ. пайда бола бастады. Террористік қоғамдардың орталықтары Бенгалия, Махараштра, Пенджаб, болды. Бенгалияда; “Читтагант революциялық армиясы”, “Анушалон шомити”, “Докта”, “Джукантар”, Калькута мен Махараштрада; “Абхинов Бхарат”, Пенджабта; “Бабор Акали”, “Науднаван Бхарат собха” ұйымдары өмір сүрді.

Нәтижесінде террористік бастаумен орталығы Варанаси болған Хиндус республикалық ассоциациясы негізделді. Өзге ұйымдарға қарағанда ҰРА жалпы үнділік одақ болып есептелді.

ҰРА-дан бөлініп шыққан Үнді социалистік республикандық ассоциациясы (ҮСРА) өзге қоғамдарды біріктіре отырып коммунистік топтарды да өзіне тартты. Оның көш басы Бхагат Сингх марксизм мен терроризмді біріктіре отырып теориялық негіз даярлады. Ағылшын репрессиясына қарамастан Үнді халқы ұлт-азаттық қозғалысқа шыға берді.

Үндістанның өзінде революционерлер мен қоса үнді эмигранттары да ағылшындармен күресте үшінші жақтың әскери күшіне сүйену қажет екенін түсінді. Берлинде қалыптасқан Үнді тәуелсіздігінің комитеті арқылы Туркия және герман үкіметімен байланыс жасады. Комитеттің қолдауымен 1915ж. Кабулда Үндістанның уақытша үкіметі құрылды. Президент болып Мехендра Пратон тағайындалса премьер министірі Баракатул болып сайланды. Уақытша үкімет Патшалық Ресейге, сосын уақытша үкіметке, Кеңестік Ресейден де көмек сұраған болатын.

Монабендранатхрой, Абони Мукерджи және т.б. 1920 ж. Үндістан коммунистік партиясының негізін қалаушылары болды. 1925 ж. Үнді коммунистік партиясы құрылды. Бірақ партияда алауыздық өріс алды.

ҰҰК-тің бұқаралық партиясына айналдыра білген Махандас, Карамчанд Ганди болды. (1869-1948ж.ж.) 1915 ж. Ганди Оңтүстік Африкадан тәжірибемен оралған болатын. Үнді ұлтшылдарының арасында үлкен беделге ие болды. Гандидің негізгі саяси мақсаты үнді халқын Конгресс басқаруының астына біріктіру болды.

Ганди күресті екі әдіс арқылы жүргізуді көздеді. Біріншісі; ағылшын товарларына, қызметіне байкот жүргізу, екіншісі; Мемлекеттік салықтарды төлемеу.

5 Тақырып

Оңтүстік-Батыс Азия елдерінің тарихи дамуы. 1900-1939 ж.ж. Туркия. 1900-1939ж.ж. Палестина. 1900-1939ж.ж. Ирак. Иран 1900-1939ж.ж. Ауғаныстан. 1900-1939ж.ж.

1900-1945 ж.ж. Туркия.

1. XXғ басындағы Осман империясының әлеуметтік- экономикалық жағдайы.
2. 1908- 1909ж. Жастүріктер революциясы.
3. Кемал революциясының жеңісі. Лазанн конференциясы.
4. Екіншілік дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Туркия.

XIX соңы ширегіндегі түрік сұлтандарының державасы- Осман империясы әлем тарихында бұрынғы ықпалын жоғалта бастады. Туркия біртіндеп шетелдердің колониясына айналдырды. Осман империясының жартылай отарға айналуы, елде капитализмнің дамуымен қатар жүрді. Дегенмен, шетел капиталдары жергілікті ұлттық капиталдың дамуына кедергі жасады.

Шетелдіктердің енуі феодалдық және жартылай феодалдық қатнастардың сақталып қалуына және Абдул-Хамид II-нің (1876-1909 ж.ж.) абсолюттік режимінің жалғасуына себеп болды.

Егіншілік жердің шамамен 65% феодалдық мемлекетке, помещиктерге, мұсылман дін басыларының иелігінде болды. Жерді жалға алған шаруалар төлемді бұрынғысынша феодалдық тәртіп бойынша төледі. Ішкі рыноктың артта қалуы капиталистік қатнастардың дамуын кешеулетті.

Осман империясындағы буржуазиялық қатнастардың дамуы және революциялық қозғалыстардың алғы шарттарының өзіндік ерекшеліктері болды. Түріктер империясының 3/1 бөлігін ғана құрды. Түрік буржуазды ұлты баяу дамыды. Сауда өнеркәсіп салаларында түрік ұлтты буржуазия азшылыққа ие болса, көпшілікке грек, армян, араб және т.б. Осман империясына тәуелді ұлттар ие болды. Сол кезде 50 мың адамға тең болған жұмысшы таптың құрамында да түріктер аз болды.

Туркиядағы ұлттық капитализмнің нашар дамуы, фабрикалық өнімнің болмауы революциялық қозғалысқа буржуазияның қатысуына себеп болды.

Туркиядағы революцияны басқарушы топ буржуазия, тек Абдул-Хамидтің режимін құлатып, конституциялық монархиялық жүйенің қалыптасуы үшін күрес жүргізумен шектелді.

2. Елдегі революциялық жағдайдың қалыптасуына Ресейдегі 1905 ж. революция айрықша әсер етті. Арабтардың қозғалысы күшейе түсті. Йеменде түрік билігіне қарсы қарулы көтеріліс өріс алды. Әсіресе Албания мен Македониядағы ұлттық қозғалыс кең көлемде жүрді.

Революциялық жағдайдың қалыптасуы жастүріктердің белсенділігін туғызды. Жас түріктердің бастауымен құрылған “Единение и прогресс” комитеті шетелдерден елге көшірілді. Комитеттік көш басылары жағдайды зертей отырып армян, македон, албан және т.б. ұлттық-революциялық ұйымдармен жақындасуды жөн көрді. Дегенмен жастүріктер

бұрынғы ұлы державалық шовинистік бағыттарынан арылған жоқ еді. Бұған қарамастан 1907 ж. Парижде жас түріктермен өзге ұлтты революциялық қоғамдардың съездінде, олар 1876 ж. революцияны қайта құру үшін қарулы көтеріліске қарсы шығуға қарсы емес екенін мәлімдеді.

Басында көтерілісті 1909 ж. бастау көзделген болса, Македония және т.б шеткері аймақтардағы революциялық көтерілістер жас түріктердің ерте іске кірісуіне себеп болды. Олар көтерілістің бұлардың басқаруынан тыс жүріп жатқан мазаландырды. Сонымен қоса жас түріктер Македония және т.б. аймақтардың Осман империясынан шығып кетуінен қауіптенді 1908 ж. ортасында Солониктік “Единение и прогресс” комитетінің басқаруымен көтеріліске жаппай дайындық бастады.

Қарулы көтерілістің туы 1908 ж. 3 шілде де Македонияның кішкентай қаласы Реснада көтерілді. Көп кешікпей көтерілісшілер жағына әскери гарнизондар мен жергілікті партизан отрядтары (четтер) қосылды. 23 шілдеде Ниязибий және Энвер-бейдің басқаруымен революциялық отрядтар Солоникиге басып кірді. Жергілікті “Единение и прогресс” комитеті Абдул Хамид султаннан 1876 ж. конституцияны қалпына келтіруін талап етті. Амалы жоқ султан конституциялық билікті қалпына келтіріп, 30 жыл бойы шақырылмаған парламентті қайта шақыруға мәжбүр болды. Қолайлы саяси жағдайдың қалыптасқанын пайдаланған комитет төрағасы болып Ахмед-Реза сайланған депутаттар палатасында көпшілік орынға ие болды. Конституцияның құрылуына, әскер мен парламенте бақылау орнатуға қол жеткізген жастүріктер революция өз мақсатына жетті деп есептеді.

Жеңімпаздардың тынышталғанын пайдаланған қарсыластары 1909 ж. сәуірде көтеріліске шығып Абдул Хамид II қайта орнына отырғыза білді. Дегенмен, әскердің көмегімен жас түріктер бақылауды өз қалпына алды. 27 сәуірде парламент Абдул-Хамид II орнынан алды. Оның орнын кәрі әрі епсіз султан Мехмед V (1909-1918 ж.ж.) отырды.

Жас түріктер кезіндегі саяси өмірде өзгерістер болды. Мәселен, партиялардың санының артуы болды. Олардың қызметі Станбул және өзге провинция орталықтарына тарады. 1908-1913 ж.ж аралығында ресми тіркелген 22 партияда мүшелік ету. Қоғамдық корьеря жасаудың бастамасы болды.

Жас түріктердің таңдаған бағыты олардың одақтастарымен қарсыласуына алып келді. Жас түріктердің озициясы қатаң қуғын-сүргін жүргізуге алып келді. 1913 ж. қаңтарында революция белсенділерінің бірі Энвер-бейдің бастауымен елде төңкеріс болып өтті. Елде қайта диктаторлық режим қалыптасты. Империя құлай бастады 1911-1912 ж.ж. италян-түрік соғысының барысында Туркия өзінің соңғы солтүстік африкан иеліктерінен айрылды. Бірінші Балқан соғысы (1912-1913 ж.ж.) нәтижесінде Стамбул одан да үлкен шығындарға тап болды. Мемлекеттің құлдырауын тоқтату және европалықтардың үстемдігінен қашу мақсатында Туркия бірінші дүниежүзілік соғыста Германиямен одақтасуды жөн көрді. Төрт жылдық соғыс қимылдары Осман империясының құлауына және түрік халқының күйзелуіне алып келді.

1918 ж. 30 қазанда султан өкіметі Антанта державаларының алдында капитуляциялануға мәжбүр болды. Жас түріктердің басшылары шет елге қашты, олардың партиясы өздігімен құлады. Мудросс келісімі бойынша султан билігі тек қазіргі Туркияның территориясында ғана жүрді. Туркияның бұрынғы иеліктері жеңімпаз державалар арасында бөліске түсті.

Соғыс кезінде алған жерлерден бөлек ағылшындар Мосул және Александреттаны (Искандерун) оккупациялады, итальяндықтар Анталияны алса, гректерге Исмир берілді.

3. 1918-1923 ж.ж. Анталияда өріс алған түрік халқының ұлт-азаттық күресін генерал Мустафа Кемал (Ататүрік 1880-1938 ж.ж.) басқарды. Ол алғашқыда жастүріктер қозғалысына белсене қатысушы ретінде көрінсе, кейінірек әйгілі қол басшы ретінде әйгілі болды.

Грек әскерлерінің Измирге келіп түскені туралы хабардан кейін, 1919 ж. мамырда ол Анталияға келіп шелел интервенциясы мен сатқын султандарға қарсы соғыс басталды.

М.Кемал басшылығымен уақытша үкімет құрды. 1920 ж. Антанта державаралы Стамбулды оккупациялап, депутаттар палатасын таратты.

1920 ж тамызда Антанта белсенділері султанмен Севр келісім шартын жасады. Оның тәртібі бойынша Туркия : Франция, Англия, Италия және Греция арасында бөліске салынды. Туркия дербес мемлекет ретінде өз өмір сүруін тоқтатты.

Севр келісімінің тәртібі түрік қоғамында наразылығын туғызды, сонымен қоса Кеңестік Ресеймен Антантаға қарсы бірігуіне себеп болды. 1920 ж. Кеңестік Ресей Туркияның уақытша өкіметін мойындайтынын хабарлайды. Осыдан кейін Ресей мен Туркия арасында дипломатиялық қатнастар орнады. 1921ж. Москвада РСФСР мен Туркия арасында достық туралы келісім жасалды. Бұған жауап ретінде Антанта мұнда грек әскерлерін түсірді. Әскер Анкараға дейін жетті. Қарсы тұрудың нәтижесінде түрік армиясы Анатолия тереториясын басқыншылардан тазалады.

Соғыс түрік халқына оңай түскен жоқ. 1923 ж. 29 қазанда Туркия республика болып жарияланды.

Тәуелсіздік үшін күрестің аяқталуының нәтижесінде Туркия экономикасы нашар дамыған елдер қатарына жатады. Кемалдықтар экономикалық тәуелсіздік орнату үшін бірқатар шаралар жасады. Үкімет шетелдіктерден өнеркәсіп салаларының барлығын сатып алды.

4. 30 жылдардың ортасында кемалдық қайта құрулар өз жетістіктерін бере бастады. Мемлекеттік, саяси және экономикалық жағдайы тұрақтанды. Көрші елдер арасында Туркияның беделі өсе түсті. Түрік дипломатиясы әлемдік аренада анкаралық өкіметтің беделін өсіру үшін бірқатар сыртқы саяси іс шаралар жасады. Солардың ішінде ең табысқа жеткені Швейцария қаласы Монтре де ұйымдастырылған конференция болды. Конференцияда қаратеніз жағалауындағы режим қаралды.

Ататүріктің өлімінен кейінде Туркияда бір партиялық жүйе сақталып қала берді.

Екінші дүниежүзілік соғысбасталысымен Туркия нейтралитетін сақтайтынын білдірді. Соғыс барысында Туркия өз территорияларын сақтап қалу үшін Германия жағында бір есе антигермандық коалиция жағында болды. Германияның жеңілетініне көзі жеткен Туркия 1945 ж. ақпанда Германиямен Жапонияға соғыс жариялады. Бұл Туркияға БҰҰ-ның құрамына енуіне жағдай жасады. Дегенмен, халықаралық аренада оның беделі түсе бастады. Әсіресе Кеңестік Ресеймен қарсы қатнастары нашарлай түсті. Өкімет өзінің ішкі және сыртқы саясатын түбегейлі өзгертеге мәжбүр болды.

1900-1945 ж.ж. Ирак

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Ирак.
2. Ағылшын оккупациясы және оның салдары.
3. Екіншілік дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Ирак.

1. Соғыс қимылдарынан алшақ алшақ орналасқан аймақ-Иракқа Англия ерекше көңіл бөлді. 1914 ж. 23 қазанның өзінде ағылшын бригадасы Фао портын, ал 22 қарашада ағылшын-үнді әскері Басру қаласы мен портын жаулап алды. Дегенмен, бұл енді басып алу оңайға түскен жоқ. 1917 ж. 17 наурызда ғана Багдад алынған болатын. Осы айда багдад және Бассор уәлияттары аккупацияланды. 1918 ж. қарашада Туркия Мудросс бейбіт келісім шартын бұзып Мосуль уәлиятын басып алды.

2. 1920 ж. Сан-Ресо конференциясында Англия өз одақтастарының келісімімен Турциядан жаулап алған үш уәлияттан құрылған Ирак мемлекетін құруға рұқсат алды.

Соғыс пен тонаушылық саясаттың жүргізілуі елдің шаруашылығына катастрофалық нәтижелер алып келді. Егіндік жердің көп мөлшері қарусыз қалды. Қолөнермен өнеркәсіп салалары да күйрей бастады. Елдегі соғыс және әскери тонаушылықтың жүргізілуін нәтижесінде елде ашаршылық пен ауру өршіді. Соның салдарынан он мыңдаған адамдар өлімге дұшар болды.

Иракты оккупациялаған ағылшын билеушілері елді отарлауға кірісті. Өзінің беделін көтеру және ірі феодалдарды өзіне тарту үшін ағылшын билеушілері жер реформаларын жүргізді. Оның тәртібі бойынша қауым жері шейхтер мен феодалдардың иелігіне көшті. Шаруаларды қанау күшейе түсті, қала тұрғындарының жағдайлары нашарлады.

Англияның экспанциялық саясатына жауап ретінде Ирак халқы-араб және курд шаруалар, қолөнершілер, көшпенділер көтеріліске шықты. Бұл көтерілісті буржуазия ғана емес, ұсақ және орта феодалдар мен кейбір тайпалардың шейхтері де қолдада.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұлт-азаттық көтеріліс басталды. 1918 ж. қазанда Неджефте, 1919 ж. мамырда курділер көтеріліске шықты.

Сан-Ремодағы конференция және мандат туралы шешім көтерілістің басталысына себеп болды. 1920 ж. 30 маусымда Румейс қаласындағы бір тайпаның көтерілісі бүкіл Ирактық көтеріліске тез арада айналып кетті. Көтерілісшілер аз уақыт ішінде арабтық Ирактың негізгі бөлігін азат етіп үлгерді. Сонымен қоса оккупационерлер әскеріне де соққы беріп үлгерді. Дегенмен, көтерілісшілердің әр аймақта дара өтуіне байланысты 1920 ж. қарашада көтеріліс толығымен басып жаншылды.

Жергілікті феодалдардың қолдауына сүйенген Англия Иракта 1920 ж. қазанда уақытша үкімет құруға қол жеткізді. Ал 1921 ж. 23 тамызда Фесаль-аль-Хашими король болып жарияланды.

Ирактағы билік ағылшындардың қолында болып қала берді. Ағылшын-ирак келісім шартына байланысты 1922 ж. бастап иракта “Кеңес” басқаруы тиіс болды. Ол халықаралық және қаржы саясатын басқаратын еді. Англия Иракта өз әскерін сақтап қалды.

Бұл келісім шарт Ирак халқының наразылығын тудырды. Көтеріліске Ирак ұлттық партиясы (Абу ат-Тимман), Ирак қайта өрлеу партиясы (ас-Садр) белсене қатысты. Тек 1924 ж. көтеріліс басып жаншылған соң ғана Англия өкіметі келісім шартты іске асырды.

Билігін бекіткен Англия өз монополистеріне мұнай бағдарлау жұмыстары мен өндіру құқығы берді. Дегенмен, 1927 ж. халықаралық капиталдың қысымымен ағылшындар аралас компания “Ирак петролеум компани” компаниясын (Голландия, Америка, Франция) құруға мәжбүр болды. Дегенмен, Англия Ирактың мұнай өнеркәсіп саласында негізгі билікке ие болып қала берді.

Мандаттың жүйесі Иракта қарама-қарсылықтарды өсірді. Осы арада Англия мандатты жоюды ұсынды. Оның негізгі себебі Англия мұнда “ашық есіктер” саясатын жүргізуге міндеттелген болатын.

1930 ж. 30 маусымда Ирактың белсенді қайраткері Нури сайд 25 жылға созылатын ағылшын-ирак келісім шартына қол қойды. Келісім шарт бойынша Ирак Ұлттар Лигасына кірген мезгілден бастап тәуелсіз мемлекет болып жарияланатын болды. Дегенмен, Ирактағы билік бұрынғысынша ағылшындардың қолында болып қала берді.

Бұл келісім шарт қалың халық бұқара арасында наразылық тудырды. Ұттық партиялар, феодалдар, студенттер мен интеллигенция бірікті.

Ағылшын әскеріне арқа сүйеген Нури Сайд өкіметі 1932 ж. Ирактың Ұлттар Лигасына қабылдануға қол жеткізді. Ирактық тәуелсіз мемлекет болып жарияланатын кезеңінде бұл елде де артта қалушы аграрлы мемлекет болып қала берді. Мұнай саласында өзге өнеркәсіп

орындары салынбады. Ирактың тәуелсіздік алуы дүнежүзілік дағдарыспен (1929-1933 ж.ж.) сай келді. Бұл жағдай елдің экономикасын әбден әлсіретті.

3. Англияның соғысқа қатысуымен Нури Сайд Германиямен дипломатиялық қарым-қатнастарын үзді. Ирак формальды түрде нейтралитет сақтағанымен, елдің экономикасы Англияның әскери әрекетіне жұмылдырылды. Әскери жағдайда пайдаланған өкімет 1939 ж. 12 қыркүйекте оппозицияға қарсы репрессияны күшейтті. Оппозициялық топтар да өз қимылдарын белсендірілді.

Иракта 1941 ж. 1 сәуірде әскери төңкеріс болып өтті. Билік басына Рашид-Али аль-Гайлан келді. Дегенмен, мамырда ағылшындар Иракты оккупациялады.

17 қаңтарда Ирак Германияға соғыс жариялады. Соғыс қимылдарының нәтижесінде елдің экономикасы күйреді. Соның салдарынан елде көтерілістер өріс алды.

Иран

1. XX ғ. басындағы Иран.
2. 1905-1911 ж.ж. революция.
3. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Иран.

1. XX ғ. басындағы Иран Англия мен Ресейдің жартылай колониясы әрі артта қалушы мемлекеттің бірі болды. Оның халқының саны 10-12 млн адамды құрады. Тұрғындардың $\frac{1}{4}$ бөлігін көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын этникалық жағынан әр алуан- курд, лур, бахтияр, белудж, кашкай, түркмен, араб т.б. тайпалар құрады. Қалған бөлігін (5/1) қала тұрғындары құрады.

Иран ауылдарында бұрынғысынша феодалдық қатнастар үстем болып қала берді. Жер және оны өңдейтін құрал-саймандар шах, помещиктер мен дін басыларының қолында болды. Көшпелі тайпалар арасында феодалдық-патриархалдық қатнастар сақталып қала берді. Жерлері жоқ шаруалар помещиктердің жерлерін өңдеп, одан алынған өнімді бөлісті. Феодалдар жерден алынған өнімнің $\frac{4}{5}$ бөлігін алып қана қоймай сонымен қаса түрлі салықтар салып отырды. Қалаларда әлде де қол өнер дамыды. Завод-фабрика өнімдері тіпті өндірілмеді. Олардың көпшілігі шет ел бәсекелестігінің нәтижесінде жабылды. XIX ғ. 70-ші жылдарының өзінде Ресей мен Англия елде басқару формасын негіздеген еді. Елдің телеграф байланыстары мен балық өнеркәсібі толығымен Англия мен Ресейдің қолында болды. Солтүстік Иранда Ресей, ал оңтүстігінде Англия үстемдік жүргізген еді. Соның салдарынан Иранның саяси дербестігі тек шахтың билігіне ғана емес, шетел бәсекелестеріне де тәуелді болды. Иранның экономика саласындағы артта қалуы, оның саяси өмірінде де көрінді. Өкіметт басында жемқорлық пен қызмет орындарын сату өріс алды.

1. Иранның жартылай отарға айналуы вовар-ақша қатнастарымен капитализмнің дамуына алып келді. XX ғ. басында қарай Иранда сіріңке, қағаз және т.б. фабрикалар мен бірнеше кішігірім электро станциялары болды. Жаңа таптар мен топтар ұлттық буржуазия мен пролетариат қалыптасты. Сондықтан да Үндістан мен Қытайға қарағанда мұнда капитализм баяу дамыды. Ирандықтардың ашқан өнеркәсіптердің көпшілігінде шет елдік бәсекелестердің арқасында жабылып немесе солардың қолына өтіп отырды.

Капитализмнің баяу дамуына елдің көп ұлттылығы да өз әсерін тигізді. Бірақ ұлттар мен тайпалардың ішінде Иран мемлекетінің ұлты атануға парсылар (иран) мен әзірбайжандар ғана еді. XX ғ. басында иран үкіметі Ресей және Англиямен келіссөзге келді. Онда Иран осы екі елден қаржылай көмек сұрады.

1901 ж. Ағылшын империясы Иран шахына коцепсия беруге бұйрық етті. Оның есесіне бүкіл Иранда (солтүстік 5 провинциядан басқа) мұнай өндіретін монополиялар орнату керек еді. Кешірек ағылшын-парсы мұнай компаниясы құрылды. Бұл Иранды толық отарға айналдырудың алғашқы қадамы болды. XX ғ. басында Англия мен Ресей арасында Иранды бөлісу туралы талас басталды. Осыдан бастап Иранның жартылай толық отарға айналу қаупі төнді. Багдад темір жолының салынуына байланысты енді Иранға Герман империясының да

көзі түсе бастады. Қалаларда неміс сауда фирмалары ашылды. Герман монополистері Англия мен Ресейді Ираннан ығыстырып, онда өзі орнықтырып келді. Бұның барлығы Иран өндірісіне кедергі жасады. Соған қоса Иран үкіметінің басындағы **наджар** монархиясы да кері әсерін тигізді, өйткені ол феодалдық топтан өткісі келмеді. Шет ел империялары мен феодалдық үкімет болмай Иран тәуелсіз болғанда ғана мемлекеттің мәдениетімен өнеркәсібі дамитын еді. XX ғ. басында басқыншылар мен үкіметке қарсы күштер жинақтала бастады. Халықтың көпшілігі шаруалар мен жұмыссыздар және жерсіздерден тұрды. Олардың арасында шах чиновниктеріне және помещиктерге қарсы даулар басталды. Буржуазияның саяси наразылықтарын аз ғана зиялы таптар білдірді. Шет елдерде Иран эмигранттары жасырын түрде газет шығарды. XX ғ. басында кіші-гірім топтар мен ұйымдар қалыптасып шах билігіне қарсы шықты. Бірақ революция қарсыңында бұлардың біреуі де қалмады. Олар тек шет елдерде, яғни Үндістан, Қытай, Туркия да болды. Елдегі жағдай нашарлай түсті, халық арасында ашаршылық жайлады. 1904-1905 ж.ж. халық қозғалыстары көбейді.

1906 ж. аяғынан бастап елдің солтүстік провинцияларында стихиялы көтерілістер басталып, 1907 ж ол елдің оңтүстігіне көшті. Шаруалар салықтардан бастартып, егін өнімін бөліскісі келмеді. Үкімет қоймасындағы азық-түлік тоналып, кедейлер арасында бөлісті. Жасырын қоғамдар құрылды.

2. Өткен соғыста Германия Иранда билігін орнатып, Ресей мен Англияның Шығыстағы ықпалын әлсіретуді көздеді. Осы жылдары Германия Багдад темір жолын салып жатқан болатын. Туркия әскерін бағындырған Германия Парсы шығанағы мен Мессопотамия арқылы Үндістанға жол ашуды мақсат етті. Ирандықтардың Ресей мен англияға қарсы қарым-қатнастарын пайдаланған Германия, оларға жанашыр ретінде қарап, тіпті қаржылай көмек берді. Дегенмен ол іс әрекет арқылы өз істерін іске асырғысы келді.

Иран өзінің нейтралитетін білдіріп, соғысқа қатыспады. Дегенмен ол әскери операциялар мен саяси күрестердің аренасына айналды. Германияны жақтаушы депутаттар тобы Кум қаласында Кум комитетін құрды. Көп ұзамай бұл өкімет герман-түрік әскері жинаған Керманшах қаласына көшірілді. Бұл жағдайда орыс және ағылшын әскері Ирандық Әзірбайжан, Хузистан, Фарс, Керманшах пен Хамадан аудандарында соғыс қимылдарын жүргізуі қажет еді. 1915 ж. түрік әскері Туркиямен шектесетін Иран аймақтарының біразын жаулап алды, бірақ жалпы алғанда бұл күресте ағылшындар мен орыс әскерлерінің күші басым болды.

Ресейдің соғыстан шығуы мен Герман және Осман империясының күйреуінен кейін, Иран территориясы толық ағылшындардың окупациясына көшті. Соғыстың басында Англия Иранды әскери плацдарм ретінде пайдаланса, 1918 ж. бастап Иран Кеңестік Ресейге қарсы қарулы интервенция мен өршіп келе жатқан антиколониалдық көтерілістерге қарсы окупацияланды.

Соғыстың соңында елдің экономикасының күйрегені көрінді. Меджилис таратылып, өкімет жиі алмастырылды. 1919 ж. 9 тамызда Иран мен Англия арасында Британияның “көмек беру туралы” келісім шартқа қол қойды. Бұл ағылшындардың проректоратының орнағанын білдірді.

Ағылшындардың окупациясы мен келісім шарттың жасалуы халық наразылығын тудырды. 1920ж. 7 сәуірде Тебризде Мохаммед Хиябанидің басқаруымен көтеріліс басталды. Көтерілісшілер демократиялық реформалар, 1919 жылғы Иранның дербестігін қайтаруды және Әзірбайжанға автономия беруді талап етті. Бұл қозғалыс 1920 ж. тамыз бойына созылып шах және ағылшын әскерінің күшімен басып жаншылды.

Осы жылы елдің Солтүстік провинциясы-Гилянде ұлт-азаттық көтеріліс бастады. Бұл көтерілістің нәтижесінде Англия бұрынғы билігінен айрылған еді. Сондықтан да оңтүстік провинцияларды тазалап, оны өз колониясына айналдыруға кірісті. Өзінің мақсатына жету үшін ол кез келген сепаритистік әрекеттермен тіпті солтүстік Ирандағы көтерілісті де қолдады.

1920-1922 ж.ж. революциялардың жеңілуінің себебі: ауыз біршіліктің болмауы, төменгі топтың күреске тартылуы т.б. болды

1921 ж. ақпанның 21-нде Тегеранда мемлекеттік төңкеріс болып өтті. Астана Реза-ханның бастауымен көтерілісшілердің қолына өтті. Тегеран еш қарсылықсыз “Черный кабинет” деген атау алған өкіметтің қолына өтті. Билік Зия-эд-Динмен Реза ханның қолына көшті. Жаңа өкімет “арестократтарға қарсы күрес” туралы декларациясын қабылдады.

Осы кезеңде Англияның Ирандағы саясаты да өзгерді. Англия Иранды Үндістанда Кеңестік Ресейдің ықпалының орнауын болдырмау үшін пайдаланғысы келді. Өйткені Үндістан Англияның ең үлкен колониясы болатын. Сонымен қоса колониялық ықпал ету әдісі бұрынғыдай болмай қалды.

Бұл жағдайда АҚШ өз пайдасына пайдаланды. 1922 жылдан бастап американ финансистері Иранға келіп, елдің қаржысына, салық және т.б. өз бақылауын орнатты.

Кеңестік Ресей болса Шығыс мәселесінде өзге саясат жүргізді. 26 февральда Москвада Кеңес – Иран келісім шарты жасалды. Шарт бойынша Ресей Ирандағы бұрынғы ықпалынан бас тартты.

1921 жылы Иран - Кеңес келісім шарты алғашқы тең құқықты келісім болды. Елде болған төңкерістің нәтижесінде керісінше ағылшындардың ықпалы күшейе түсті.

Реза-хан бұған дейін “Қара кабинетте” соғыс министрінің орнын басса, 1923 жылы премьер-министр, 1925 жылы желтоқсанда Иранның заңды шахы болып тағайындалды. Осылайша Пехлев династиясы билік басына келді. Реза-шахтың билікке келуімен парламенттің беделі түссе, шах билігі керісінше өсе түсті. Хандардың сипаратистік пиғылдарын тоқтату мақсатында Реза-шах елді орталықтандыру саясатын жүргізді. Осы мақсатта әскердің көлемі ұлғайып, қару-жарақ күштері жақсарды. Нәтижесінде Реза-хан өзінің жақтастары помещиктер мен буржуазия арасында беделін өсірді.

Реза-шахтың кезінде ауыл шаруашылық саласындағы жағдай бұрынғысынша нашар болып қала берді. 1938 жылы Иран Кеңес өкіметімен қарым-қатынастарын тоқтатып, Германиямен сауда қатынастарын жасауға кірісті. Иранның сыртқы саудасының 40-45 пайызын Германия құрады.

Германияның КСРО-ға шабуылы антигитлерлік коалиция елдерінің арасында **уайым** тудырды. У. Черчиллдің ұсынысымен Англия Кеңес Одағымен біріге отырып, Иранда оккупациялық әрекеттер жүргізе бастады. 1941 жылы қыркүйекте Иранның оңтүстік бөлігіне ағылшын, ал солтүстік бөлігіне Кеңес әскерлері түсірілді. 1921 жылы 27 тамызда жасалған иран-кеңес келісім-шартының негізінде Иран-герман дипломаттары мен агенттерін елден шығаруға уәде берді. Дегенмен, Реза-шах уәдесін орындауға асықпады. Бұл саясат елде наразылық тудырды. Нәтижесінде Реза-хан тақтан ба тартты. Оның орнын ұлы Мұхамед Реза Пехлеви басты. Иранда фашистік агентура ликвидациялады.

1943 жылы 29 январьда Англия, СССР және Иран арасында келісім-шарт жасалды. Шарт бойынша одақтастар тәуелсіздік пен шекараның сақталып қалуына кепілдік берді. Есесіне Иран ағылшын және орыс әскерлерін өз территориясына кіргізді. 1943 жылы 9 қыркүйекте Иран Германияға ресми түрде соғыс жариялады.

Бұл жағдайлар Иранның саяси өміріне ерекше әсер етті. Шах билігі шектелді. Сонымен қоса көптеген партиялар қалыптаса бастады.

Ауғаныстан

1. Ауғаныстанның экономикалық және әлеуметтік – саяси дамуы.
2. Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар кезіндегі Ауғаныстан.

XX ғ. басында Ауғаныстан әлде де дамуы жағынан артта қалған мемлекет болып қала берді. Халқының санының аз болуына қарамастан оның 3/1 бөлігін көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар құрады. Әмірдің билігі Ешқандай заңдармен шектелмеді.

Шетелдермен қарым- қатынас жасаспау және ортағасырлық тәртіптің сақталып қалуы, ауған халқының жаңа заман техникасымен ғылымын меңгеруге кедергі жасалды. Ауғаныстанда темір жолдар салынбады. Жүк арбалармен тасымалданды. Аса ауыр жүктер пілдердің көмегімен тасымалданды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында әмірдің 50 пілі болды. Автотранспортты пайдалану мақсатында 15 жүкті алынды. Дегенмен Ауғанстанның жолдары оған жарамсыз еді.

Елде өнеркәсіп салалары мен орындар көбеймеді. Өйткені оларды тұрғызу үлкен қиындықтар туғызған еді. Европадан әкелінген жаңа заттар (жеңіл көлік, европалық киімдер, авто ручка, т.б.) әмірдің маңындағы таптың шеңберінен шықпады. “Хабибийя” оқу орны ерекшелене білді. Бұл оқу орын ауған интелегенциясының негізін қалаушыларды шығарды. 1909 жылы конституциялық режимді орнату үшін “Хабибийя” училищесінің директоры, доктор Абдул Гони түрмеге жабылды. Сонымен қоса тек қозғалысқа қатысқандар ғана емес, күдікті азаматтар да қуғын- сүргінге ұшырады. Бұл әрекеттер “Жас ауғандар” қозғалысына алып келді. Бұл көтерілістің басшысы Махмуд-бек-Тарзи болды. Көтерілістің негізгі мақсаты конституциялық монархияны орнату болды.

2. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен Хабибулла Ауғанстанның нейтралитетін сақтайтынын білдірді. Соғыстан кейін елде Ауғанстанның дербестігін алу үшін қолайлы жағдайлар қалыптасты. Себебі Кеңес Одағының достық қарым-қатынастары мен Үндістандағы революциялық көтерілістер ағылшындардың позициясын әлсіретті. 1919ж. 28 ақпанда Хабибулла хан отырды. Осы кезде Ауғанстанның тәуелсіздігін жариялайтын манифест қабылдады. Осыдан қиын кезеңде Кеңес өкіметі Ауғанстанды тәуелсіз мемлекет ретінде алғаш болып таныды.

1919 ж. мамыр айында Англия Ауғанстанға үшінші рет соғыс жариялады. Кеңес Одағының әскерінің көмегімен Ауған әскері жеңіске жетті. Нәтижесінде соғыс басталысымен 1 айдан кейін 1919ж. 9 маусымда Англия келісім шарт жасауға мәжбүр болды. 8 тамызда Ровольпинде бейбіт келісім шарт жасалды. Шарт бойынша Ауғанстан тәуелсіз деп жарияланып, дербес сыртқы саяси жүргізуге құқық берді.

1921ж. 28 ақпанда кеңес-ауған келісім шарты жасалды. Шарт бойынша: бұл екі ел үшінші бір елмен әскери одақ құрмауға міндетті болды. Кеңес Одағы Ауғанстанға ақшалай және т.б. матери алдық көмек берді. Осы шарттан кейін Англия Ауғанстанның тәуелсіздігін мойындап, онымен дипломатиялық қарым-қатнастар жасауға мәжбүр болды. Осыдан кейін Ауғанстан өзге Европа және Азия елдерімен дипломатиялық қатнас жасай бастады. Ауғанстанның тәуелсіздік алуы оның дербес саяси және әлеуметтік-экономикалық саясатын жүргізуіне мүмкіндік жасады.

Елде реформалар даярлау үшін құрамында 25 адам бар комиссия құралды.

Бірінші кезекте комиссия елдің қаржы мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Ағылшындар субсидиясымен бас тартқандықтан елдің ішінен қаржы табу керек болды. Сондықтан натуралды салық ақшалай салыққа көшірді, мемлекет жерінің көпшілігі сатылатын болды. Сонымен қоса конфескелеу іс әрекеттері өріс алды. Бұл шаралар нәтиже бермегендіктен әмір өз қарыз ақшасын шығаруға мәжбүр болды. Бұл ауған валютасының қалыптасуына негіз жасалды.

Жерге жеке меншік қалыптасты. Орталық және жергілікті басқару басқару аппараты бекітілді. Осы аталған реформалардың ішінде “Негізгі заң”, яғни Ауғанстан конституциясы (1923ж. 10 сәуірде) ерекшеленді. Сот саласында да реформалар жасалды. Сонымен қоса білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп, көптеген мектептер ашылды.

Ауғанстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы бес жылында жүргізген реформалар ескі архайкалық тәртіптерді жойып, жаңа заман талабына сай дамуға жол ашты.

Европада екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен Ауғанстан өзінің нейтралитетін жариялады. Бұл саясат антигитлерлік коалицияға қатысушы елдер, әсіресе Кеңес Одағынан қолдау тапты. 1942 ж. қазанда Англия мен КСРО-ның сұранысымен неміс және итальян азаматтарын елден шығаратын болды. Дегенмен соғыс елдің экономикасына аса ауыр әсер етті.

Соғыс жылдарында халықаралық монополиялар Ауған экономикасындағы қиыншылықтарды пайдаланды. Соғыстың соңына қарай Ауғанстанға америка капиталы ағыла бастады. Бұл елде ішкі саяси жағдайды қиындата түсті.

1900-1945 ж.ж. Палестина

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Палестина.
2. Палестинаның сионистік отарлауы.
3. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Палистина.

XIX ғ. соңында еврейлер Палестинаны діни орталық деп тапты. Олардың мақсаты бүкіл еврей халқын ата-тегі шыққан жерге біріктіру болды. Осы арқылы еврей мәселелері шешіледі деп сенді. Осы мақсатта сионистер Англиямен бірікті. Олардың алғашқы конгресінде сионистер “Бүкіл әлемдік сионистік Ұйым (БСҰ)” құрған болатын. Еврей буржуазиясының қаржылай қолдауының нәтижесінде сионистер Палестинада өз территорияларын ұлғайтты. 1899-1924 ж.ж. дейін оның иеліктері 247-ден 450 мың дунамға (дунам-0,1 га). Дегенмен иммиграция бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін төмен дәрежеде болды. 1914 ж. Палестинада 85 мың еврейлер тұрды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Англия мен сионизм арасындағы одақ күшейе түсті.

1920 ж. 25 апрельде Сан-Ремодағы конференцияда Антантаның шешімі бойынша Палестина Англия ықпалына көшті. Палестинада билік орнатқан Англия оның маңызды позицияларына ие болды. 1922ж. Палестинада жаңа саясат жүргізудің тәртібі белгіленген “Ақ кітап”(Черчилль миморандумы) жарық көрді. Бұл құжатта Палестинаны “еврейлер ошағына” айналдыру туралы жазылды. 20-шы жылдары еврей қоғамдастығына Ағылшындар экономикалық және т.б. мүдделерін орындау үшін жағдай жасады.

1929ж. Палестинада араб халқының көтерілісі бұрқ ете түсті. Көтеріліс басып жаншылған соңағылшындар елде тәртіп орнату мақсатында арнайы комиссия құрды.

Комиссия өз бағдарламасында елдің жағдайын былай деп баян етті: Еврей халқының иммиграциясы елдің экономикалық жағдайына сай жүргізілмеуі. Халықтың жағдайының нашарлауы.

2. Ағылшын саясатын еврей иммигранттарына Палестинаға кіруге колонизациялауға жол ашты. Үгіт- насихаттар мен кедергілердің болмауына қарамастан иммигранттардың саны аса көп бола қойған жоқ 1920- 1930ж. 100 мың келді. Осы жылдары АҚШ- тан 340 мың еврей кеткен болатын.

Ағылшын мандатының орнатылуымен сионистер еврей, АҚШ және Европа буржуазиясының көмегімен Палестина өкіметіндегі негізгі орындарға ие болды. Бұлар Палестина жерлерінің көп бөлігіне ие болды. Жерді иеленген сионистер жергілікті араб шаруаларын қуа бастады. Мұндай іс- әрекеттер Палестинадағы араб халқының наразылығын тудырды. Осының салдарынан 1929ж. Иерусалимде, 1933ж. Яффада, және 1936- 1939ж.ж. бүкіл- палестиналық көтеріліс болып өтті.

Лорд Пиктің Палестинаны араб және еврейлік деп бөлуі жағдайды одан әрі шиеленістіріп жіберді.

1939ж. майда Англия өздігімен жаңа “Ақ кітап” жариялады. Бұның мазмұнында он жыл ішінде араб- еврей біріккен біртұтас мемлекетке айналатыны туралы жазылды.

Алғашқы 5 жыл ішінде эмигранттар мен шоныстерге берілетін жердің мөлшері қысқарды. Бұл шешім араб және еврей халқының да наразылығын тудырды.

3. Соғыс жылдарында шонистік ұйымдар соғыс жылдарындағы жағдайды өз пайдасына шешкісі келді. Олар мандаттық биліктен бұрын елге импортпен келетін тауарларды шығаруға лицензия алды. Көп ұзамай еврейлік Палестина соғыс және азаматтық товарлар шығара бастады.

Сионистер АҚШ пен қарым- қатынастарын күшейте бастады. Оның өзіндік ерекшеліктері болды.

6 Тақырып.

1900-1939ж.ж. Африка елдерінің тарихи дамуы. Египет. XXғ. басындағы және Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Египет. Ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеуі. Екінші дүниежүзілік соғыс.

7 Тақырып

1939-1945ж.ж. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Азия және Африка мемлекеттері.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың кезеңдері мен барысы.
2. Кеңес әскерінің жеңісі Азия және Африка халықтарының қарсы тұруларына әсер етуі.

Екінші дүниежүзілік соғыс капиталистік елдердің колонияларды бөлісу, әлемді билеу, өз товарларын енгізу үшін жүргізілді. Сонымен қоса ол бейбітшілік пен агрессияға қарсы күреске шақырушы мемлекеттің пайда болу кезеңімен сай келді. Социалистік елге қарсы жорыққа дайындала отырып империалистік мемлекеттер екі топқа- герман-итальян, ағылшын-француз деп бөлінді. Соғыстың инициаторы ретінде фашистік блоктың басшысы Германия шықты.

Екінші дүниежүзілік соғысты бастаушы күштер соғысқа ұзақ және белсене дайындалды. Ал Англия, Франция және АҚШ оған араласпай шетте қалуды жөн көрді. Өйткені олар жауды Кеңестік Ресейге қарсы бағыттап сол арқылы екі жақтың да күштерін әлсіретуді көздеген болатын. Соғыстың өршуінен қауіптенген КСРО елдің әскери-экономикалық жағдайын күшейту үшін бірқатар іс шаралар атқарды. Ұжымдық қауіпсіздік орнату мақсатында Кеңес Одағы 1935 ж. 2 мамырында Франциямен 16 мамырда Чехословакиямен көмек көрсету туралы келісім шартқа қол қойды.

Қалыптасқан халықаралық жағдайды ескере отырып Кеңес Одағы 1939 ж. тамызда Германиямен шабуыл жасаспау туралы шартқа қол қойса, 1941 ж. сәуірде Жапониямен нейтралитет сақтау жөнінде келісім шарт жасаған болатын.

Бұл келісім шарттар империалистік державалардың КСРО-ға қарсы бірігуіне, КСРО-ның соғысқа дайындалуына уақыт созуына жағдай жасады.

Бұл жағдайда фашистік Германия КСРО-ға қарсы соғысты 1941 ж., яғни француз және ағылшын күштерінің әлсіреуінен кейін бастауы себеп болды. 1941 ж. ортасына дейін неміс-фашист әскерлері Польша, Дания, Бельгия, Норвегия, Голландия, Люксембургты басып алып француз және ағылшын әскерлеріне айтарлықтай зардап келтіріп үлгерді. Грецияда Югославия әскерлері қиратылды. Бүкіл әлем, әсіресе Европа елдеріне басып алу қауіпі төнді.

КСРО соғысқа кірісе салысымен, оның халқы күреске белсене қатысты. Кеңес Одағының жеңісі Европа және Азия халықтарының халық-демократиялық революцияларында табысқа жетуіне себеп болды. Империализмнің отаршылдық жүйесінің күйреуі капитализмнің әлсіреуінің екінші кезеңі болды.

- 2 Екінші дүниежүзілік соғысқа 61 мемлекет қатысты, яғни планета халқының 80% .

Соғысты шартты түрде екі кезеңге: КСРО-ның соғысқа қатысуына дейін және соғысқа қатысуынан кейінгі кезең деп бөлінеді.

Бірінші кезең 1939ж. 1 қыркүйектен-1941ж. 21 маусымға дейінгі кезең. Бұл кезеңде фашистік Германия бастаған соғыс бір жағынан Германия-Италия екінші жағынан ағылшын-француз империяларының арасында болды. Жапония болса бұл кезде Қытаймен соғыс жүргізе отырып Францияның колонияларын жаулап ала бастаған. Сонымен қоса тынық мұхитта АҚШ және Англияға, Қиыр Шығыста КСРО-ға қарсы соғысқа дайындық жүргізіп жатқан болатын. Соғыстың екінші кезеңі 1941ж. 22 маусым-1945ж. 2 қыркүйекке дейінгі кезеңді қамтыды. Ол Жапонияның толық капитуляциялануы туралы актке қол қоюына дейін созылды. 1939 ж. 1 қыркүйекте фашистік Германия Польшаға қарсы соғыс қимылдарын бастады. Үшінші қыркүйекте француз және ағылшын өкіметі Германияға соғыс жариялады. Олардың артынша Австрия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка Одағы, Канада соғысқа кірісті. АҚШ пен Италия соғысқа қатыспайтынын білдірді. Дегенмен Франция да, Англия да соғыс жариялаған соң 9 ай ішінде еш қандай әскери қимылдар жасамады. Өйткені батыс державалар бірігіп коммунизмге қарсы жорық жасауды армандады. Көптеген батыс еуропалық елдерде коммунистік партиялардың қызмет етуіне тиім салды.

1940ж. бар болғаны 2 адам өліп 10 адамы жараланған Германия Данияны басып алып, Норвегияны оккупациялады. 1940 ж. 10 мамырда Герман әскерлері Голландия, Бельгия, Люксембургке басып кірді. Сонымен қоса ағылшын және француз әскерлері күшті соққы берді.

1940 ж. 10 маусымда Франция мен Англияға қарсы соғысқа Италия кірісті. Неміс әскерлеріне жаңа соққы бере отырып Францияның астанасына қарай жылжыды. Француз өкіметі Парижді ашық деп жариялап, соғыссыз берілуге бұйрық берді. 14 маусым күні немістер Парижге басып кірді.

1940ж. 22 маусымда Франция Германиямен Компьен келісімін жасады. Елдің солтүстігі мен орталығында оккупациялық режим орнады, ал оңтүстігінде Петэннің басқаруымен қуыршақ фашистік мемлекет-Виши пайда болды. Гитлер мен оның өкіметі болашақта Францияны соғыста өз жағына тартуды көздеді. Сондықтан да француз колониялары келісім бойынша Виши өкіметінің бақылауында болды, бірақ Германия колониялардың соғысқа қатыспауын қадағалап отырды. Осымен бір уақытта 1940 ж. генерал де Голль Лонданда “еркін Франция комитетін” басқарып, соғыс қимылдарын жалғастырушы әскер жинақтай бастады.

Англияның жағдайы да мүшкіл болды. Тамыздан бастап гитлерліктер массалық бомбалаулармен басталды. У.Черчель өкіметі Канадаға эвакуациялануға дайындалды. Елде ағылшын фашистері кең тарай бастады. Дегенмен Герман мемлекеті КСРО-ға шабуыл жасауға дайындықтан, Англияға баса көктеп кіруге асықпады. Герман өкіметінің Англияны басып алмауының тағы бір себебі болды. Германия жеңістен кейін ағылшын колонияларын бағындыру қиындыққа соғатынын түсіндіру сонымен қоса бұл жерлерге АҚШ, Жапония және Италия көз тігетінін білді. Германияның есебі бойынша Англияны тек КСРО-ны толық тізе бүктіргеннен кейін ғана бағындыратынын түсінді.

Кеңес Одағына шабуылға дайындалған Германия тіпті Англиямен одақтасуға қадам жасаған болатын. Дегенмен Англия оған келіспеді.

Соғысқа дайындалу барысында 1940 ж. 27 қыркүйекте Германия, Жапония және Италия арасында КСРО-ға қарсы Үштік Берлин пакті жасалды.

1940 ж. қазанда итальян әскері Грецияға баса көктеп кірді, дегенмен жеңіліске ұшырыды. Итальян әскері Германиядан көмек сұрауға мәжбүр болды. 1941 ж. сәуірде фашист әскерлері Югославия мен Грецияға басып кіріп Балқан, Крит аралын алып үлгерді. Аккупацияланған Балгария Берлин пактіне қосылды. Осылайша КСРО-ға шабуыл жасау

кезеңіне дейін Европаның бүкіл әскери, теңіз, өнеркәсіп салалары толық Германия және Италияның қолына көшті.

Колониялар бұрынғысынша өз метрополияларының экономикалық базасы болып қала берді. Олар әскер, шикізат, өнеркәсіп және әскери материалдармен қамтамасыз етіп отырды. Таяу Шығыс (Иран, Ирак және Сауд Аравиясы) ағылшын әскерін мұнаймен қамтамасыз етіп отырды. 1940 ж. ол жерде 12 млн. тонна мұнай өндірілді. Таяу және Орталық Шығысқа ағылшындар өзінің Африкадан және Үндістан, Австралия, Жаңа Зеландия колонияларынан әскер алып келді. Бұл Эфиопиядағы және Италиялық Самалидегі партизандардан қолдау тапты. Францияның жеңілісінен кейін Англия Француз колонияларын басып алуға бірқатар қадамдар жасады. Дегенмен ол жерде француз эмигранттарының билігін ресми түрде мойындап отырды.

Германия колонияларды басып алуға да ерекше көңіл бөлді. Өзінің бұрынғы колонияларын Конго, Нигерия, Экваторлық Африка, Солтүстік Радезия, Кенияны қосып алуды көздеді. Ливия мен эфиопияны отарлаған Италия өз бақылауын Египет, Судан, Британдық Сомали, Аденом, Йемен, Трансиордания, Ирак, Сауд Аравиясында орнатуды көздеді.

Францияның жеңілісінен кейін фашистік Германия мен Италияға Марокко, Алжир және Туристі жаулап алуына жол ашты. Бұл колониялардың шикізат көздерін фашистер өз мүдделеріне пайдалана бастады. Тек экваторлық Африка мен Камерун халықтары ғана неміс және итальян басқыншыларына қарсы көтеріліске шыға білді. 1940 ж. бастап Камерунда генерал де Голльдың басшылығымен әскери бөлімдер қалыптаса бастады. Африкадағы әскери қимылдар екі бағытта жүрді. 1940 ж. шілде-тамыз айларында итальян әскері Британдық Сомали, Судан мен Кенияның бір бөлігін алды. Эфиопия мен Италиялық Самалиде жаулап алу қимылдары жүрді. Түрлі ұлттардан құралған ағылшын әскерлері оларға төтеп беріп, 1941 ж. Эфиопияның астанасы Аддис-Абебуға баса көктеп кірді. 1940 ж. сентябрьде Египетке бет алған Италиян әскерлері тоқталды. КСРО-ға қарсы соғысқа дайындық жүргізудің нәтижесінде, Германия Африка колонияларын басып алуға белсене кірісті. Туркия соғысқа қатыспайтынын білдіргенімен, бүкіл соғыс бойына фашистік Германияны шикізатпен қамтамасыз етіп отырды.

Соғыстың бірінші кезеңінде әсіресе Францияның жеңісінен кейін колонияларда антиимпериалистік көтерілістер өрши түседі. 1940 ж. Египетте офицерлер арасында наразылықтар байқалады. 1941 ж. Ирак офицерлері мемлекеттік төңкеріс жасады. Дегенмен көтеріліс ағылшындардың көмегімен басып жаншылды. Францияның жеңілісінен кейін Виши өкіметі Сирия және Ливанды Таяу Шығыста әскери қимылдар жүргізу үшін плацдармға айналдырды. 1941 ж. ағылшын әскерлерінің Ирактағы көтерілісті басып жаншығаннан кейін француз бөлімдері Сирия мен Ливанды оккупациялады. Дегенмен оккупацияланған елдерде басқыншылардың үстемдігі әлсіз болды. Тіпті бұл елдерде тәуелсіздік беруге дейін барды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Қиыр Шығыста жапонияның басқыншылық әрекеттер жүргізуіне қолайлы жағдай жасады. Жапония европалық державаларды ығыстыра отырып Кеңістік Одақ, Қытай, Монголияның есебінен өзінің территориясын кеңейтуді мақсат етті. АҚШ пен Англия, Жапония мен Кеңес Одағын қарсыластыру үшін бірқатар шектеулерге барды.

Соғыстың бірінші кезеңінде жапон әскерлері кең байтақ территорияны басып алды. Дегенмен Қытайдағы Чан Кайшидің өкіметінің капитуляциясына қол жеткізе алды.

Жапония Қытайды толық басып алуды алдына мақсат етіп қойды. Европадағы жағдайды пайдаланған Жапония 1940 ж. тамызда Шанхай, Пекин және Тяньцзиннен ағылшын әскерлерінің шығаруын талап етті. Англия бұл талапты орындауға мәжбүр болды. Француздық Үндіқытай Жапонияның қолына көшті. Үндіқытайдың Солтүстігін

оккупациялау жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Дегенмен көтеріліс солкезде-ақ басып жаншылды.

Жапонияның агрессиясының күшеюі Англиямен АҚШ-тың үрейін тудырды. Олар Тынық мұхитағы соғыстың өршитінін түсінген болатын. Жапон өкіметі оңтүстіктен шабуыл жасауды жөн көрді. Осы тұста АҚШ әскери күшін күшейтуге кірісті. 1941 ж. 11 наурызда АҚШ конгресі ленд-лиз жөнінде заң қабылдады. Заң бойынша президент өзі мемлекетке қару жарақты жалға беру құқығына ие болды. 1941ж. қаңтар-наурызда АҚШ пен Англиясоғысты жүрзізудің жалпы стратегиясын жасады.

Соғыстың бірінші кезеңінде Азия және Африка елдері фашизмнің қауіпін әлде де түсіне қойған жоқ еді. Керісінші олар Англия мен Францияның жеңілуімен колониялық жүйе жойылады деп сенді. Дегенмен ауқыт фашистік Германия мен Италия және милитаристік Жапония тарапынан жаңа қауіп туып отырғанын көрсетті.

1941 ж. қыркүйекте Француз өкіметі Сирияға қарашада Ливияға тәуелсіздігін беруге мәжбүр болды. Ағылшын-француз-Американ әскерлерінің жағдайы Шығыста нашарлай түсті. 1941ж. 7 желтоқсанда Жапония американ әскери базасы Перл Харводқа авиациялық шабуыл жасады. Ағылшындық база Гонконгты алған Жапон флоты Тынық мұхитта үстемдік жүргізе бастады. Ағылшын-американ одақтарына жеңіліс алып келген соғыс басталды.

1942 ж. Жапония Малаия, ақпанда Сингапурды, сәуірде Филипинды, наурызда индонезияны оккупациялады. Сонымен қоса Жаңа Гвенея, Мелонезия архипелагы Гуам және Уэйк аралдарын бағындырды. Наурыз айында Бирманы алып Қытайдың оңтүстік бөлігінен кіріп Юньань провинциясын алды. Жапония ендігі кезекте Австралия мен Кеңестік Қиыр Шығысқа шабуыл жасауға дайындалды.

1941 ж. бастап Гоминьдан өкіметімен Кеңіс Одағының арасында экономикалық қатнастар нашарлай түсті. Есесіне Чан Кайши АҚШ пен қарым-қатнастарын нығайтуды жөн көрді.

1944 ж. Кеңес Одағының әскерлері Германия, Румыния, Польша, Финляндия, Балгарияға кірді.

Жеңіліске ұшырайтынына көзі жеткен Италия 19 қазанда Гернияға қарсы соғыс бастады. 1944 ж. 6 маусымда екінші майдан ашылды. Ялта конференциясының (1945 ж. ақпан) талабын орындай отырып Кеңес Одағы 1945 ж. 8 тамызда Жапонияға қарсы соғыс ашты. Бірнеше күннің ішінде Кеңес Одағы (14 тамыз) жеңіске жетті.

8 Тақырып

1945-2003ж.ж. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия және Африка елдері. Отаршылдық жүйенің күйреуі.

- 1.Отаршылдық жүйенің күйрей бастауы.
2. Отаршылдық жүйенің күйреуі. Тәуелсіз Азия мемлекеттерінің қалыптасуы.

1. Колониалдық жүйенің күйреуі капиталистік шаруашылықта пісіп жетіле бастады.

Колонияларға фабрика товарларын сырттан алып келу ұлттық өнеркәсіп, товар-ақша қатнастарының дамуына, капиталистік шаруашылықтың қалыптасуына кедергіжасады. Бұл алғы шарттар тек тәуелсіздікке жеткен де ғана іске асатын еді. Ал колонизаторларға шикізат көзі мен товар өткізу рыноғы қажет еді. Сондықтан да олар тәуелсіздік алуға жасалған кез келген із әрекеттерді аяусыз басып жаншылды. Азия және Африка елдерінің көтерілістері алғашқы кездегі жеңілулердің себептері:ұйымдаспауы, басшыларының сатқындығы болды. Шығыстағы елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы колонияларды азат етуге дайын еді. Сонымен қоса оны басшылық етіп жеңіске жеткізген тап әлде де қалыптаса қойған жоқ.

Ресейдегі 1905-1907 ж.ж. революциядан кейін Шығыс елдерінің ұлт-азаттық революциясы өріс алды. “Азияның оянуынан ” кейін империализмнің колониалдық жүйесінің тақырау кезеңі басталды.

XX ғ. басында колониалдық жүйенің тоқырауы тек колонияларды ғана емес, сонымен қоса метрополияларды да жайлады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында империализмнің отаршылдық жүйесінің дағдарысы шиеленісіп, асқындай түсті. Ұлт-азаттық революциялар Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін қамтыды. Бұл қозғалыс империалистік отарлық екзиге қарсы бағытталып, халықтардың фашизмге қарсы күресіне ұласты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кеңін отарлық жүйедегі дағдарыс оның ыдырауына әсеп соқты.

Фашистік және милитаристік державалардың басты күштерін Кеңес Одағының талқандауының аса зор маңызы болды. Мұның өзі дүниежүзілік империализмді жаппай әлсіретіп, ұлт-азаттық қозғалыстың жеңісі үшін жағдай жасады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде отар және тәуілді елдер болған терең мағыналы экономикалық және саяси өзгерістер езілген халықтарының күресіне қолайлы әсер етті. Пролетариаттық саны өсті, оның ұйымшылдығы нығайды. Компартиялардың беделі артты, олар Азияның бірқатар елдерде жат елдік басқыншыларға қарсы қарулы қозғаолысты басқарды. Бұл күреске шаруалар кеңінен қатысты. Ұлттық буржуазияның белсендігі күшейді. Көптеген елдерде отарлыларға қарсы ұлттық күштердің бірыңғай майданын құру үшін жағдай туды.

Осы жағдайдың барлығы ұлт-азаттық революциялардың құлаш жаюына жағдай тұғызды. Отаршылдық жүйенің ыдырауы-капитализмнің жалпы жағдарысының екінші кезеңінің негізгі белгілерінің бірі.

2. Отаршылдық жүйенің ыдырау процесі ең алдымен Азияны шарпыды. Азияның көптеген халқын құлдыққа салған империалистік Жапония талқандалғаннан кейін халықтардың отаршылдардың өкімет билігінен құлауы үшін қолайлы жағдай жасады. Жапон оккупациясына қарсы халықтың көтерілістің нәтижесінде Индонезия (1945 ж. тамыз) саяси тәуелсіздікті жеңіп алды. Жапон басқыншыларына қарсы ұзақ, қажырлы күрестен кейін Вьетнам халқы Демократилық Республикасын құрды. Англия отаршылдары Үндістанға, Пакистанға (1947 ж. тамыз) және Цейлонға (1948 ж. ақпанда) дамнион құқығын беруге мәжбүр болды. Англияның бұрынғы отары Бирма тәуелсіздікке жетті (1948 ж. қаңтар) Солтүстік Корея мен революция жеңді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында шетел Азия территориясындағы халықтың 90 % астамы отарлық немесе жартылай отарлық тәуелділікте болды. Қазір империалистік мемлекеттердің Азиядағы отарлық иеліктерінде бірнеше миллион адам ғана тұрды. Капитализмнің жалпы дағдарысының қазіргі кезеңінде отаршылдық жүйенің ыдырауы оның күйреуіне әкеп соқты. Ұлт-азаттық қозғалыс 50-жылдардың ақырынан бастап Африка халықтарының арасында өріс алды.

Екінші дүниежүзілік соғысқадейін Африка отаршылдықтың басты тірегінің бірі болды. Аса жор Африка континентін отаршыл бес империя: Англия, Франция, Бельгия, Италия және Португалия өзара бөлісіп алды. Формальды түрде бірнеше тәуелсіз мемлекеттер (Египет, Эфиопия, Либерия) отаршылдық мұхитындағы шағын ғана аралдар болатын.

Егер 50-жылдардың бірінші жартысында отарлық езгіден Африканың кейбір елдері ғана азат етілген болса, ал 60-жылдарда отарлық жүйе Азияда талқандалды бұған қоса Африка да күйреді. Бұл континент үшін әсіресе “Африка жылы” деп аталатын 1960 ж. әйгілі жыл болды. Сол жылы 17 ел саяси тәуелсіздікке жетті. Өткен заманда отаршылдар қасақана Британдық Шығыс африкаға, Францияның Батыс және Францияның экваторлық Африкасына біріктірген көптеген халықтар азат етілгеннен кейін жеке дербес мемлекеттер құрды. Ұлт-азаттық қозғалыстың қуатты өрлеуінің арқасында Африка халықтарының көпшілігі тәуелсіздікке жетті. Африканың саяси картасында 1980 ж. аяғына қарай дербес 50

мемлекет (Оңтүстік Африка Республикасы т.б.) болды, бұл мемлекеттерде бүкіл Африка халқының 96 % астамы тұрды. Латын Америкасының халықтары барған сайын белсене күрес жүргізді.

Колонизаторлар Азия және Африка елдерінен кетуінің алдында олардың орнын басатын қолайлы тапты іздеді. Мәселен Қытайдағы Чан Кайшидің үкіметін сатып алса Иракта Нури Сайдтың, Египетте Фарух корольдың үкіметін қолдады. Яғни бұл тап ұлттық буржуазия болды.

Бірте-бірте колониялардың тәуелсіз мемлекетерге айналатыны айқындала бастады. Сондықтан да колониялардан кетсе де онда экономикалық, мүмкін болса саяси ықпалын сақтап қалуды көздеді. Жергілікті буржуазиямен бірге отырып аралас компания, банктер құра бастады.

9 Тақырып

1945-2003ж.ж. Шығыс Азия елдері. Жапония. Корея. Вьетнам.

ЖапонияКвантун әскері талқандалғаннан соң Жапония Поцдам конференциясының ережелерін қабылдапкапитуляциялануға мәжбүр болды. Кеңес Одағынан кейін Жапонияны АҚШ оккупациялады 1952 ж. «Сан-Франциско» бейбіт келісім шартына дейін Жапониядағы саяси билік АҚШ-тың қолында болды.

1945 ж. 26 шілдеде қабылдаған Поцдам декларациясында Жапонияның толық милитаризациялануы, демократиялық тенденцияларды қайта құру, адам құқықтарын қорғау туралы мәселелер қаралды.

Дегенмен, АҚШ Жапониядағы император басқарып отырған ескі аппаратты сақтап қалды. Елдегі басты басқару қызметтерін АҚШ өз қолында ұстады. Олар қаржы, мемлекеттік бюджет, сыртқы сауданы өз қолына алды, сот пен полицейлік қызметкерлерді бақылады, заңшығарушы парламенттің билігін шектеді. Жапондықтар өзге елдермен байланыс жасауда шектеу жасады. Елдің сыртқы саясаты АҚШ-тың қолында болды. 1945 ж. қыркүйектің өзінде жапон әскері мен жазалау әскері таратылды. Жұмысшыларға кәсіподақтар құруға рұқсат берілді. Мемлекет басшылығы діннен бөлінді.

Саяси және қоғамдық қызметкерлерді тазалау операциясы барысында 200 адам қызметтен боса, 28 әскери қызметкер әскери трибуналға берілді. Түрмелерден 3 мыңнан аса саяси тұтқындар босатылды.

Жапонияның мемлекеттік құрылысының өзгеруіне 1946 ж. 3 қарашада қабылданып 1947 ж. 3 мамырда күшіне енген конституция үлкен әсерін тигізді. Бұл конституция бойынша император саяси биліктің «символы» ретінде ғана сақталды. Кореядағы соғыстың басталуымен (1950 ж.) американдықтардың Жапониядағы саясаты өзгерді. Кеңес Одағы және коммунистік Қытаймен күрес жүргізу үшін Жапонияны қайта қаруландыру көзделді. Жапония конституцияның 9-шы бабына сүйене отырып жаңа әскер құруға кірісті.

Жапонияның экономикасын қайта құру өте баяу жүрді. Елдегі инфляция халықтың қайта көшуі, үлкен көлемдегі жұмыссыздықты тудырды.

1949 ж. дейін экономикалық қайта құрулар монополистерінің субсидтері мен американдықтардың көмегі арқылы жүрді. Дегенмен бұл іс-шаралар елдегі инфляцияны өршітті.

1948 ж. американдықтар оккупацияланған елде заң қабылдады:

1. Мемлекет бюджетін тұрақтандыру.
2. Субсидтың берілуін шектеу.
3. Салықты көбейту.
4. Жұмысшылар жалақысын көтеру.
5. Бағаға бақылау жасау.
6. Сыртқы саудамен шетел валютасына бақылау жасау.
7. Экспорттық өнімдер шығару үшін материалдармен қамтамасыз ету.
8. Импортты шектеу үшін жергілікті шикізат көлемін көбейту.

9. Өнім тасымалдауды жақсарту.

1951 ж. қыркүйекте Сан-Франциско бейбіт конференциясы өтті. Бұл конференцияны АҚШ пен Англия билеушілері ұйымдастырылды. Көптеген мемлекеттер оған шақырылмады, ал кейбіреулері (үндістан, Бирма) англо-американдық проректоратына наразылығын білдіре отырып оған қатыспады.

Сан-Францияско бейбіт келісімі Жапонияның Оңтүстік Сахалин, Курияден, Тайвань және Пэнхулядао т.б. бас тартуын бекітті.

Бұл келісімде сонымен қоса АҚШ пен Жапония арасында «қауыпсіздікті сақтау» туралы да келісім қаралды. Аталған шарт бойынша АҚШ Жапонияда өз әскерін ұстай алатын болды.

Бейбіт келісім шарттың жасалуымен Жапониядағы оккупациялық кезең аяқталып, оның дамуына жаңа жол ашылды. Сонымен қоса елдең тәуелсіздігінің күшеюі консерватизмнің дамуы ескі тәртіптің жойылуына алып келді.

Бұрынғысынша Жапонияның экономикалық әлемін бақылауға тырысқан ірі өнеркәсіптер (Мицуи, Мицубиси т.б.) қайта жаңғырды. Соғыстан кейінгі жазалауға ұшыраған адамдарға амнистия жүргізілді. Полицейлік заңдар күшейіп, демонстрация жүргізу құқықтар шектелді. 1952 ж. премьер-министр Есида өзінің сөзінде «өкіметтің негізгі мақсаты жаңа әскер құру» деген болатын.

Елдің премьер-министірі Хотояма КСРОмен қарым-қатнастарын жақсарту мақсатында 1956 ж. қазанда екі ел арасында бейбіт келісім шарт жасалды. Келісім шартқа байланысты КСРО Жапонияның БҰҰ-на кіруіндеқолдаған болатын. 1956 ж. желтоқсанда Жапония осы ұйымның мүшесі болып қабылданды. Бұл декларацияда территориялық мәселелер де қаралды. Бейбіт келісім шартқа қол қойылғаннан кейін оңтүстік Курил аралдары Жапонияға көшті.

АҚШ-тың ықпалына қарамастан осы жылдары Жапонияның сыртқы саясаты белсендірілді. Жапонияның өзінде антиамерикандық акциялар өріс алды. 1956 ж. елде АҚШ-тың 675 әскери объектісі болды. Олар құнарлы жерлерді алып қана қойман сонымен қоса жергілікті халықтың жағдайын қиындатты. Бұл жағдайлар сонымен қоса КСРО-ның әскери қуатының өсуі, яғни Жапонияның Америкамен қырқысқа келген жағдайда оған көмек бере алуы Жапонияның АҚШ пен жасаған келісім шартына наразылығын білдіретінін көрсете бастады. Сондықтан да 1960 ж. қаңтарда АҚШ пен Жапония арасында жаңа келісім шарт жасалды. Ол әскери-саяси қатнасқа одақ құру сипатында болды. Жапонияның АҚШ-тың Қиыр Шығыстағы стратегиясы үшін жауапкершілігін өз мойнына алды. Өз территориясында әскери базасын құруға рұқсат берді. Есесіне АҚШ оған қару жарак өндіруде экономикалық көмек беруге уәде берді.

Жапонияның АҚШ-қа Азияға қатысты әскери бағытына одақтас болуының нәтижесінде КСРО Оңтүстік Курил аралдарын беру туралы уәделерінен бас тартты. 1960 ж. бастап Жапонияның экономикалық қуаты өсе түсті. 1970 ж. ол капиталистік әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орынға ие болды.

Жапония Азия елдерімен қарым-қатнастарын түзете бастады. Олардың кей біреулеріне Жапон оккупациясы кезіндегі шығындарын өтеу мақсатында репарациялар төленді. 1953-1954 ж.ж. кризистен кейін Жапонияда «Дзимму гулденуі» деген атау алған экономикалық өрлеу басталды. Ол 1957 ж. дейі счозылып экономикалық өрлеуге демеу берді. Жапон экономикасының көтерілуінің негізгі факторы оның капиталының жаңартуы болды. Оның тағы бір себебі АҚШ пен Батыс Европа елдеріне қарағанда аз жалақы төленетін жоғары квалификацияланған жұмыс күшінің болуы. Өндірістің өсуіне ішкі рыноктың кеңеюіде қолайлы жағдай жасады.

Экономикалық процестерге мемлекеттік-монополиялық реттеушілік те ықпал ете білді. Әсіресе машина құру, кеме құру, текстильдік, химиялық және энергетикалық салалар тез дамыды. Дегенмен, экономикалық табыстар елдегі ереуілдердің бәсеңдеуіне белсенделуіне көмек көрсетпеді. Оған жұмысшылардың жалақысының төмен болуы әсер етті.

1964 ж. күзінде премьер-министр Икэда денсаулығына байланысты отставкаға кетті. Оның орнын Сато Эйсок басты.

Кореяның бөлінуі

1945 ж. шілдедегі Поцдам конференциясының шешімі бойынша билеуші державалар Жапонияның капитуляциялануын және Кореяның тәуелсіздігінің қайта құруын талап етті. Корей жарты аралындағы кеңес және америка әскерлерінің шекаралық сызығы 38-ші параллель болып есептелді. 1945 ж. 8 тамызда КСРО-ның Жапонияға қарсы соғыстың бастауымен, ол Қытай, Корея және тынық мұхитта әскери қимылдарын бастаған болатын. Кореядағы күрес қаталдықпен жүргізілді. Тіпті Жапонияның тізе бүгуімен де бұл жерде соғыс қимылдары тоқтатылмады. Кореяның оңтүстігіне америка әскерлерін түсіру іс шаралары әскери қимылдар тоқтатылғаннан кейін 1945 ж. 3 қыркүйектен басталды.

Кореяның тау-кен өнеркәсібі мен ауыр индустриясы елдің солтүстігінде орналасқан еді. Сондықтан да олар соғыс кезінде қирады. Ал елдің оңтүстігінде ауылшаруашылығымен жеңіл өнеркәсіп өнімдері шығарылды. Халықтың негізгі бөлігі (3/2) сонда тұрды. Елді екі мемлекетке бөлу оның экономикасының дәстүрлі дамуына кедергі жасады.

Алғашқыда Кореяны 38-ші параллель бойынша бөлу уақытша деп танылды. Дегенмен, АҚШ пен КСРО-ның әлем құрылымына деген көзқарасының алшақтығымен “Қырғи қабақ соғысының” басталуы Корей жарты аралын екі ұлы державаның бәсекелестік аренасына айналдырып оның екіге бөлінуіне алып келді.

Кореяның тәуелсіздік алуының артынша елде көптеген саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар орнай бастады. Солтүстік Кореяда 1945 ж. құрылған “Корей Еңбекші партиясы” белсенді жұмыс жасады.

1946 ж. барысында елдің солтүстігінде жер реформасы транспорт, байланыс, банк, сауда т.б. заңдар дүниеге келді. Бұл іс шаралар соның ішінде әсіресе жерді халыққа бөліп беруі халықтың қызығушылығын тудырды. өйткені оңтүстік Кореядағы билік әлде де американдықтардың қолында болды.

1948 ж. оңтүстік Кореяда сайлау өткізілді. Мемлекет-Корей Республикасы деген атауға ие болды. Елдің президенті Ли Сы Ман тағайындалса, астанасы Сеул болды. Бұған жауып ретінде Солтүстік Кореяда 1948 ж. тамызда сайлау өтіп мемлекет Корей Демократиялық Республикасы дүниеге келді. Жаңа мемлекеттің астанасы Пхеньян болды. Кеңес Одағына жасалған өтініштен кейін ол елден әскерін елден алып шығарды. Әр қайсысы өзін бүкіл Корей территориясының жалғыз “қожасы” деп санайтын екі мемлекет арасында әр дайым қырқыстар болып отырды. Бұл екеуде қарулы күреске даяр еді. Оңтүстік Кореяның президенті Ли Сы Ман елдің солтүстігін қарулы күрес арқылы біріктіруге даяр екенін бірнеше рет мәлімдеген болатын. 38-ші параллель қарулы қақтығыстардың орнына айналды. 1949 ж. өзінде олардың саны 1836 болды. Осы қақтығыстардың нәтижесінде “Оңтүстік” пен “Солтүстіктің” арасында қарулы қақтығыс 1950 ж. 25 маусымда түсті. Әскери қимылдарды алғашқы болып ҚХДР бастады. Соғыстың үшінші күнінде Корей халқының әскері сеулды алып, оңтүстікке қарай жылжыды. Бұл соғысқа АҚШ-тың араласуын тудырды. АҚШ әскерлері Кореяға түсірілді. АҚШ-қа БҰҰ қосылды. Әскери қимылдарға АҚШ және Оңтүстік Кореядан басқа 15 мемлекет әскері қатысты. Әскери қимылдар алма кезек жеңіспен өтіп жатты. 1953 ж. 27 шілде де бұл соғыс аяқталып екі ел арасында бітім жасалды.

Жалғастыру керек

Оңтүстік Корея

Ли Сын Ман 1952 ж. тамызында президенттікке қайта сайланды. Ол 1954ж. қарашада конституцияға өзгерістер енгізе отырып ол шексіз билікке ие болды. Парламент пен премьер-министрдің құқықтары қысқарды.

Бұл іс шаралар соғыс және солтүстікпен дәстүрлі шаруашылықтың үзілуінен туған тоқырау кезеңіне сай келді. Дегенмен 1950 ж. Ли Сын Ман өкіметі жер реформаларын жүргізген болатын. Реформа бойынша помещиктерден артық жерлер (3 га. артығы) сатып алынып шаруаларға бөлініп берілді. Бұл ауқатты шаруалардың өкімет жағына өтуіне жағдай жасады. Елдің әлеуметтік жағдайы түзеле бастады. Дегенмен ол жұмыссыздық пен инфляцияны тоқтата алмады.

Жүргізген саясатқа наразылығын білдіретін оппозициялық Демократиялық партия (Минчжудан) және т.б. партиялар қалыптаса бастады. Олардың негізгі мақсаты президенттік сайлауға қатысып, жеңіске жету болды. Бірақ Ли Сын Ман бұларға қарсы тұра білді. Ол Мачжуданнан өзге оппозициялық партиялардың барлығын тарата білді. Елдегі белең алған корупция мен заңсыздық әрекеттер халықтың ашу ызасын тудырды. Ли Сын Манның 1960 ж. президенттік сайлаудағы әділетсіз жеңісіне халық қарсы шықты. 19 сәуірде Сеулда үлкен көтеріліс басталды. Оған жоғарғы оқу орындарының студенттері қатысты. Олар сайлаудың қайта өткізілуін талап етті. Ли Сын Ман оларды күштеп, қарудың көмегімен таратқысы келді. Бірақ қаруланған әскер демонстранттарға оқ атудан бас тартты. 27 сәуірде парламенттің талап етуімен Ли Сын Ман президенттік қызметтен бас тартып, елден кетті. Бұл оқиға Корей Республикасының тарихында “Сәуір революциясы” деген атпен белгілі болды.

10 Тақырып

1945-2003ж.ж. Қытай. II-дүниежүзлік соғыстан кейінгі.

1.1946-1957 ж.ж. Қытай

2.1958-1976 ж.ж. Қытай Халық Республикасы. Ұлы секіріс және оның салдары.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен Қытайдың саяси бірлігі туралы мәселе қайта қойыла бастады. Негізгі күш-Гоминьдан мен ҚХР елдегі билік үшін күресті. КСРО мен Қытай арасындағы келісім бойынша кеңес әскері 1946 ж. мамырға дейін Манчжурия территориясында болды. Бұл аймақ Маньчжоу-го мемлекеті кезінде жапондықтардың күшімен экономикалық жағынан дамыған еді. Кеңес Одағы бұл территориядағы қайта құру жұмысшыларына көмек көрсетті. Елде қайтадан азамат соғысының басталып кету қауіпі төнді. 1945ж. соңында КСРО, Ұлыбритания және АҚШ шет ел министрлерінің кеңесінде Қытайдағы азамат соғысын болдырмау және ол жерден КСРО мен американ әскерлерін шығару туралы шешім қабылданды. Сонымен қоса Қытайдың ішкі жағдайына қатысты мәселелер де шешілді. 1946 ж. 10 қаңтарда Кеңестік конференция өз жұмысын бастады. Оның қатысушылары Қытай Республикасының мемлекеттік кеңесін құру туралы шешім қабылдады. Оның құрамына ГМД мен ҚКП және т.б. саяси ұйымдардың мүшелері кірді. АҚШ өз позициясын күшейту мақсатында Гоминьдан әскерін даярлап, 150 мың солдатты жаттықтырып, 45 дивизияны қаруландырды. Кеңес Одағы Чан Кайшидің режимімен қарым-қатнасын сақтап қалды. И.В. Сталин АҚШ президенті Г.Трумэн сияқты біріккен Қытаймен коалиция құруды дұрыс деп тапты. Дегенмен, жағдай басқа арнада да дамыды. 1946 ж. жазында ГМД әскері ҚКП-нің ықпалындағы аймаққа шабуыл бастады. Бұл азамат соғысының қайтадан басталғанын білдірді. Соғыстың бірінші кезеңінде 1947 ж. ортасына дейін жеңіс АҚШ-тың қолдауына сүйенген Чан Кайшидің жағында болды. Дегенмен, 1947 ж. маусымынан бастап, жеңіс Кеңес Одағының көмегімен ҚКП жағына көшті. Қытайдағы азамат соғысының шешуші шайқастары 1948 ж. соңы мен 1949 ж. бірінші жартысына сай келді. Коммунистер алғашында Шэнь-ян, (Манчжурия) содан кейін Чань-Чуньді алды. Осы кезеңнің өзінде Қытайдың Солтүстік-Шығыс солардың қолына көшті. Осы жағдайдан шығу мақсатында Чан Кайши АҚШ, Ұлыбритания және КСРО басшылығына ҚКП екеуінің арасында делдал болуды сұранды. Дегенмен КСРО Қытайдың “ішкі ісі” деп тауып одан бас тартты. 1949 ж. 21 қаңтарда Чан Кайши президенттіктен бас тартты. Оның қызметі вице-президент Ли Цзунчжэннің қолына көшті. 1949 ж. күзінде тек Тайвань мен Тибет, сонымен қоса Ганконг пен Макао, Португалиямен Ұлыбританияның басшылығында

болды. 1949 ж. қыркүйекте Пекинде халықтың саяси кеңесінің кеңісі өтті. Оған антигомидандық күштер қатысты. Онда халықтық өкімет орталығын құру туралы шешім қабылдады. Ресми түрде елдегі толық билік соның қолына көшу керек еді. 1949 ж. 1 қазанда Пекинде Қытай Халық Республикасының (ҚХР) құрылды.

2.1958 ж. басында ҚКП-ның ЦК-нің жабық кеңесінде Қытай халқын саясат және экономика саласында жаңа бағытқа бұруға дайындық жүргізу туралы мәселе қаралды. ҚКП КСРО-ға қарағанда тез арада коммунизмге жетуді көздеді. Экономика саласында айтқысыз табыстарға қол жеткізу көзделді. Мысал, екінші бесжылдықта ауыл шаруашылық өнімдерін бір жыл ішінде 2,5 есе, ал өнеркәсіп өнімдерін үш жыл ішінде 6,5 есе өсіру көзделді. Шойын өңдеу бесжылдықтың соңғы жылында 80-100млн.тонна, бидай 300-350 тоннаны құрауы тиіс еді. Байдэйхэде өткен мәжілістен кейін 1958 ж. 26 мың “халық коммуналары” құрылды. Бірнеше айлардан соң-ақ мұндай тәжірибе өзінің жемісін бере бастады. Еңбек өнімділігі төмендеп, жеке аудандарда ашаршылық өріс ала бастады. 1958 ж. “Ұлы секіріс” шеңберінде “шойын үшін күрес” басталды. 90 млн. аса адам домна пештерін құрып, шойын балқытумен айналысты. Бұлардың бұл салада тәжірибелерінің болмауы тек шығындар алып келді. Оны дұрыс балқытпаудың себебінен қайта балқыту қажет болды. Бұл тек тас көмір мен темір рудаларының үлкен көлемде шығындалуына алып келді. Ауыл шаруашылығындағы қиыншылықтардан шығудағы шаралар да өз зардаптарын алып келді. Мысалы; Маоның пікірінше күріш өсіруге зардабын тигізіп, ашаршылыққа себеп бола алатын торғайларды жаппай қыруға бұйрық берді. Нәтижесінде олар түгел дерлік жойылды, дегенмен ауыл шаруашылығында қауіпті жәндіктердің саны өсті. Дегенмен, бұл жағдайлар Мао Цзэдун мен оның көмекшілерін тоқтатпады. Жүргізілген бағытына кейбір өзгерістер енгізіліп оны тағы да екі жыл жүргізді. Бұл ісшаралар өкімет арасында наразылық тудырған еді. Оны қорғаныс министрі Пэн Дэхуа Мао Цзэдунге жолдаған хатында жазған еді. Пэн және оны қолдаушылар “анти партиялық” іс әрекет жасады деп айыпталып қызметтерінен босатылды. Қорғаныс министрінің орнын Мао Цзэдунның сенімді адамы Линь Бяо басты. Осымен елдің Мао Цзэдунның бағытына деген наразылық басыла қоймады. Н.С.Хрущевтың 1960 ж. маусымда кеңес мамандарын ҚХР-нан алып кету туралы шешімі онсыз да “Ұлы секіріс” барысында әлсіреген Қытай экономикасына ауыр соққы болып тиді. Мао Цзэдун өз қателіктерін КСРО-ға жапты.

3. Реформа жылдарындағы Қытай. 1976 ж. 9 қыркүйек күні Пекинде 83 жасында

11 Тақырып

1945-2003ж.ж. Үндістан. Пәкістан. Индонезия.

Үндістан

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейін Үндістан халқының тәуелсіздік жолындағы күресі күшейді. Ағылшындарға қарсы көтеріліс күшейе түсті. Ереуілдер көпнесе саяси сипат алды. Калькута, Бомбей қалаларында халық көтеріліске шықты. Халықтың қуатты бас көтерулері Англияның лейбористік үкіметін 1947 ж. шілдеде өз әскерін Үндістаннан әкетуге әзір екенін мәлімдеуге мәжбүр етті. Бірақ Англия Үндістаннан кетпес бұрын елді екі доминионға: Үндістан және Пакистанға бөлді. Бөлшектеу діни нанымға байланысты жүргізілді. Елді бөлу әділетсіз жүргізілді, яғни Пакистанның территориясында иуддистердің, ал Үндістанда мұсылмандар қалып қойды. 1947 ж. Үндістан мен Пакистан Ұлыбританияның доминионға айналды. Үндістанды бөлшектеу аззатық қозғалысын әлсіретіп екі доминионды бірі-біріне қақтығыстырып, Англияға бағынышты етіп ұстау мақсаты көзделді. Үндістанды бөлшектеу елдің түрлі аудандарының арасындағы экономикалық байланысты нашарлатып, екі доминионның да экономикасына теріс әсер етті. 1950 ж. Үндістан өзін республика деп жариялады. Ағылшын өктемділігінен азат етілгеннен кейін елдің экономикалық жағдайы өте ауыр болды.

Индонезия

Индонезия 350 жыл бойы Голландияның отары болып келді. 1942 ж. Индонезияны жапон әскері оккупациялап алды. Қуғын-сүргін, террорға қарамастан жапон үстемдігіне қарсы қозғалыс елде кең өрістеді. Мұның өзі қарулы бас көтерулерге ұласты. 1945 ж. тамызда елде антиимпериалистік революция болды. Индонезия “Республика” болып жарияланды. Оның президенті Ұлттық партия басшыларының бірі-Сукарно болды. Империалистік мемлекеттер жас республиканы тұншықтыру ниетімен қарулы интервенция ұйымдастырды. Отаршылдардың билеп-төстеуі елді экономикалық жағынан артта қалуға әкеп соқтырды. Өнеркәсіп орындары шетел монополияларының қарамағында болды, шұрайлы жерлер шет ел плантацияларының қолында еді. Индонезия жаппай дерлік сауатсыз болатын. Ұлттық экономиканы нығайту үшін үкімет шетел капиталына шек қоюға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүргізілді. 1963 ж. Батыс *Ириян* Индонезия басқаруына берілді.

Пәкістан

12 Тақырып

1945-2003ж.ж. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Таяу Шығыс. Араб елдері. Түркия. Ауғанстан. Иран. Ирак.

13 Тақырып

1945-2003ж.ж. Африка елдерінің соғыстан кейінгі жылдарындағы дамуы.

1. XX ғ. II жартысында деколонизациялау процесінің аяқталуы.

1. XXғ. Әлемдік аренада Азия және Африка елдері белсенділік көрсете бастады. ХІХғ соңы мен XXғ басында Батыс емес елдер әлемдік саяси процестерде өздерінің әлсіздігін көрсеткен болатын. Соғыстан кейінгі онжылдықтарда евроцентристік әлемді құлатты, орнына планеталық масштабта шолып әлемдік қоғамдастықтың, Екінші дүниежүзілік соғыс әлемге үлкен тарихи өзгерістер алып келді. Оның нәтижесінде колониялдық империялар күйреп көптеген жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. 40-шы жылдардың басында-ақ Сирия мен Ливонның тәуелсіздігі мойындалды. 1930ж-Египет, 1936-Ирак Англиямен келіссөздер жүргізуінің нәтижесінде тәуелсіздікке қол жеткізе білді, дегенмен олардың дербестігі шектеулі болатын.

Соғыс бітісімен Үндістан субконтинентінің халықтары тәуелсіздік үшін күреске шықты. Соғыс кезеңінің өзінде – ақ Ұлыбритания Үндістанның Ұлттар Лигасына кіруіне келісуіне тура келді. Күрестің тууының нәтижесінде тәуелсіз екі – Үндістан және Пакистан мемлекеттері пайда болды. Оның артынша өзге де Африка және Азия елдері Могриб елдері – Алжир, Тунис, Марокко, 50 жылдықтың екінші жартысында Франция, Австрия княздіктерінен Аден, Кувейт, Бохрейн және т.б 50 – 60 ж ағылшындардан тәуелсіздігін алды.

Солтүстік Африка мен Азия елдерінен кешеуленбей дербестіе үшін күреске қара Африка халықтары да кірісе бастады. «Африка жылы» деп аталған 1960 ж өзінде бұл континенттің 17 мемлекеттері – Англия, Франция, Италия, Белгияның бұрынғы отарлары саяси тәуелсіздікке қол жеткізді. Бұл процесс дами түсті. 1973 -1975 ж бұрынғы Португалия отарында болған елдер тәуелсіздік алды. 1989 ж соңғы Африка – Номибия саяси бостандығын алды.

Нәтижесінде отарлар мен жартылай отарлар тәуелсіз мемлекеттерге айналды. 1997 ж Гонконг, ал 1999 ж 20 – декабрьде португалдық кішкене колония Мокао Қытайға қайтарылады. Сонымен Батыстың Азиядағы отарлауы аяқталды.

Халықаралық қауымдастықта тең құқықты егеменді мемлекеттер саны өсті. 1945-Б.Ұ.Ұ. Декларациясына 51 мемлекет қол қойса, бүгінде олардың саны 180-нен аса түсті.

Шығыста (Жапониядан басқа) отарлық езгіден айрылғаннан кейін елдердің үш тобы қалыптасты. Капиталистік жолмен дамуына, олардың арасына 70-да жаңа индустриялы

елдер (Ж.И.Е.) деп аталатын мемлекеттер кірді.Европалық емес социалистік мемлекеттер және социалистік арентацияланған елдер.

60-70ж социалистік елдердің арасында алдыңғы қатарындағы қатарға социал-демократиялық партиялар шықты. Олардың бағдарламалары әлеуметтік-экономикалық болды.

Социализмнің шығыс ұлттық варианттары: ислам, африка, үндістан қалыптасты. Жалпы бұл елдер КСРО мен басқада европалық-социалистік елдерге ориентацияланды , өйткені дәл солар сол кезде материалдық саяси және моральдық қолдау көрсетті. Сонымен қоса бұл елдердің әлеуметтік экономикалық дамуына кері әсер етуші факторлар пайда бола бастады. Бұл негізінен барлық социалистік елдерге тән кемшіліктер болды.

14 Тақырып

1945-1991 ж.ж. «Қырғи қабақ» соғысындағы Азия және Африка елдерінің рөлі.

1. Сыртқы саясаты идеологияландыру мәселесі.

1. Саясат пен идиология өзара тығыз байланыста болады. Тіпті саясат –саяси идеологиялық бағыттар мен ағымдардың түрлі идеологиялық жүйелерінің қақтығысу аренасы деп атауға болады. ХХғ. Халықаралық қатынастар жүйесі ұлттық дербестік пен мемлекет істеріне араласпау принциптеріне негізделді. Ол бойынша сол немесе өзге де елдерге басқару форма елмен ішкі әлеуметтік ұйымдасуын белгілеу болмады. Бұл жүйеге тең құқыққа ие бола отырып, бір жағынан Ресей сомодержавигі, Говсбургтер моноромиясы және либералды Англия, яғни авториторлық және либералдық режимдер енді. Сонымен халықаралық қатынастардың сол бір жүйе шеңберінде бірнеше саяси және идеологиялық жүйелері қатар жүрді.

ХХ-шы жүз жылдықта адам ойы үшін күрес негізгі халықаралық саясаттың бөлігіне айналу жағдайын түбегейлі өзгертті. ХХғ. 1-ші онжылдығында социалистік реформизм, фомизм және большевизм арасында жанжал туды. Германия және оның одақтастарының күйреуімен фомизм эффектілік альтернатива ретінде өз өмір сүруін тоқтатты. Сонымен басты қарсы күресуші альтернатива ретінде социал-реформистік капитализм және революциялық социализм (колмунизм) сақталып қалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ пен КСРО бастаған идеологиялық жанжал қалыптасып бітті.

«Қырғи қабақ соғысы» кезінде идеологиялық жанжал ықпал етуші мағынаға ие болды. Белгілі бір өмір сүру тәртібін, әлемін, көзқарасын таратуда екі ұлы державада әскери қуаттылық пен күшті негізге алды. Екі державаның мақсаты өздері көздеген белгілі бір мемлекет территориясында өз мүдделеріне сай социализмді немесе капитализмді орнату болды. Басқаша айтқанда «ққс» қарсы тұрушы экономикалық жүйелердің күресі болды. Сыртқы саясатына идеологизациялау күдік, сенімсіздік пен қарсылықтың тууына, пропагондалық, психологиялық қарсы тұрулар нәтижесінде қабырғалардың пайда болуына алып келді. Геосалли жағынан әлем биполярлық болды. «Ққс» түсінігінің өзі екі ел арасындағы қарым-қатынастарының қайшылықтарын, бәсекелестігін ғана емес, сонымен қоса күресуші жүйелердің бірінің жеңуі, ал екіншісінің жойылуы керек болатын қасиетті соғысына айнала жаздады.

15 Тақырып

XX ғасырдағы ғылым және қоғамдық пікір.

Идеологиялық жанжалдар және үш әлемнің қалыптасуы

1.. Үш әлемнің қалыптасуы.

1. XX ғасырдың ортасында әлем экономикасымен, өмір сүру тәртібімен және көзқарастарымен ерекшеленетін үш түрлі әлемге бөлінді. I – топқа Европа және Солтүстік Америка, Жапония және экономикалық дамуда табыстарға қол жеткізген кейбір Азия елдері кірді. Бұлар негізінен капиталистік дамудың «орталығы» болды.

Бірінші әлемдік елдер болып аталуының екі себебі бар еді. Біріншіден ол жаңа заман кезінің мезінде – ақ пайда болып, КСРО-ның құрылғанына дейін үстемдік етті. КСРО 1917 ж саяси картада пайда болғаны мен социалистік елдерден тұратын әлемлік елдердің II – тобының пайда болуы туралы тек II – Дүние жүзілік соғыстан кейін ғана айтуға болатын еді.

II – ші Дүние жүзілік соғыста гитлерлік Германияны күйреткен КСРО соғыстан қуатты әскери держава ретінде шықты. Нәтижесінде 20 -30 ж.ж капиталистік елдерге идеологиялық қауіп төндіріп қана қоймай оған қосымша әскери қауіп те төндіре бастады.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін фашистік басқыншылықтың құлауынан кейін Шығыс Европа елдері – Польша, Венгрия, Румыния, Чехословакия, Албания, Болгария, Югославия социалистік даму жолын таңдады. Өйткені, соғыстан бұл елдерде КСРО ықпалы күшейді. Соғыстан бірнеше жылдан кейін мұнда жұмысшы коммунистік партия билік етті.

Шығыс Европа елдерінің артынан кейбір елдер қосылды. 1949 ж Қытайда болған халықаралық демократиялық революцияның нәтижесінде Қытай Халық Республикасы орнады (КНР), соған қоса Корей Халық Республикасы, Вьетнам Социалистік Республикасы, Лаос Халық Демократиялық Республикасы (ЛНДР), Кампучие Халық Республикасы ронаған болатын. 1959 ж билік басына келген Ф. Кастро Кубаның социалистік жолмен дамитынын жариялады. Нәтижесінде социалистік және халық демократиялық режимдері үстемдік етуші елдері бірігіп, басшылығында КСРО тұрған әлемдік социалистік қалыптасты.

Отаршылықтың жойылуының нәтижесінде әлеуметтік экономикалық және идеологиялық саяси ерекшеленетін, аталған екі топқа да кірмейтін тәуелсіз мемлекеттер қалыптасты. Латын Америкасына ұқсас елдердің ерекше тобын құрады. Оларды мынадай ерекшеліктер біріктірді: экономикалық артта қалу, әлеуметтік таптық құрылымның нашар болуы, ұлттық кәсіптің нашар дамуы, жұмысшы таптың жетіспеуі, т. б. Олар әлемнің III – топтағы елдері деп аталады.

Үшінші таптағы елдердің саяси тәуелсіздікке қол жеткізумен ендігі жерде экономикалық тәуелсіздік үшін қадамдар жасала бастады.

Экономикалық және қаржылай көмектер іздеуде европа және басқада социалистік елдер, соның ішінде КСРО-ның қайырымдылығына ие болу үшін үшінші таптағы елдер арасында бәсекелестік туды. Өз кезегінде бұлар ұлы державалардың идеологиялық және саяси үстемдік жүргізу үшін күрестің аренасына айналды. Оған 60-70ж басында Оңтүстік Шығыс Азиямен, 70-80ж Англиядағы қақтығыстарды мысалға келтіруге болады.

70ж-соңынан-80ж басына дейін индустриялы әлем басшылық етті. Ол қазіргі әлемнің 1/4 бөлігін құрады. Сонымен лагерь 26 мемлекеттен, 1986-халық саны 1,7 млрд-қа немесе жер шарының 37% қалған бөлігін үшінші әлем құрады.

Саяси дамудың ерекшеліктері.

1. Демократиялық реформаның инициаторы.
2. Либерализм және консерватизм.
3. Мемлекеттік әлқуат: алғы шарттары және негізгі институттардың (жасалуы) құрылуы.
4. Әлеуметтік қарсы тұруға жасалған жеңілдіктердің себептері. Жан – жалдық қайшылықтары.
5. 70 -80 жж консерваторлардың жеңісі.

6. Солшыл идеологияның күйреуі.

2..Әлемнің дамыған аймақтарының әлеуметтік саяси дамуында қоғам өмірінің басты салаларында мемлекеттің ролі кеңейе түсті. Оған әлеуметтік-саяси күштердің мемлекеттік әлқуаттылығы мен шанстық принциптерін қабылдауы ықпал жасады.

Батыс Европа әлеуметтік реформалардың басты инициаторы социал-демократия болды. Басшылық етуші мемлекеттердің қатарына қосылып және қуатты парламенттік күшке айналысымен социал-демократиялық партиялар мен оны қолдаушы профсоюз көптеген реформалардың инициаторына айналды. Соның нәтижесінде күшті экономикалық дамудың негізін жасады. Олардың негізгі жетістіктері қуатты мемлекетті негіздеп оны дамылуы болды, демек соның нәтижесінде қазіргі таңдағы дамыған индустриалы мемлекеттің қоғамдық саяси жүйесін елестету мүмкін емес.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Европалық социалистік демократия Германиялық фашизм мен КСРО-ның большевизм арасынан біреуін таңдауы қажет еді. 1951 ж Социалистік интернационал өзінің принциптер бағдарламасына – Франкфурттік декларациясын енгізді. Онда демократиялық социалистіктің негізгі игіліктері жинақталды. Австрия социалистік бағдарламасында (1958 ж) СДҒП-нің (1959 ж) Годесбергтік бағдарламасында негізгі мәселелерге соңғы нүкте қойылған еді. Онда негізгі постулаттар: топтық күрес, жеке меншікті жою, т.б бас тартты. Бұл жолмен басқада қалған социалистік демократияның ұлтлық отрядтары жүрді.

Әлемдік дамудың позитивті факторы болып Европалық және Европалық емес 42 ел кірген социалистік және социалистік – демократиялық партияларды біріктірген соң интернационал . Европалық социалистік демократия Батыс пен Шығыс арасындағы қайшылықтардың шиеленісуіне, Хельсин процесінің күрделенуіне, басқа да көптеген процестеріне өз әсерін тигізді. Бұл салада ХХ ғ. социал-демографияның өкілдері В.Брондг, У.Крайский, Ф.Миттерон және т.б. бағасыз жетістіктерге жетті.

3.Бір қатар себептерге байланысты Батыс Европа мемлекеттерінің арасында либералдық партиялар кейінгі орынға тапсырылды. Дегенмен АҚШ-та социалистік-реформизмдерді алып жүрушісі ретінде негізгі рольге демократиялық партия ие болды, ол Ф.Д.Рузвельттің «жаңа бағыт» дәуірінен бастап либерализм және әлеуметтік реформизммен сабақтала бастады.

Консервативтік әлеуметтік-саяси күштің негізгі бөлігі әлеуметтік реформализмнің қажет екенін түсінді. Соғыстан кейінгі кезеңде билікке келген консервативтік партиялар біршама өзгерістер енгізе отырып, әлеуметтік көмек көрсету және мемлекеттік араласу бағдарламаларын сақтап қалуға тырысты.

Басқаша айтқанда революциялық сілкіністерге қарсы саяси ағымдардың көпшілігі мемлекеттік-саяси құрылыс принциптеріне қатысты ауызбіршілікке қол жеткізді. 40 ж соңынан 60 жылдарға дейін Батыс елдерінде консерваторлар, либералдар мен социал-демократтар арасында мемлекеттік араласу принциптерге қатысты келісім орнады. Жалпы осы кезеңде әлеуметтік реформизм мен мемлекеттік араласудың принциптері шырқау шегіне жетті.

4.Аталмыш аралас экономика толығымен қалыптасып бітті. Бұның былай аталуы құрамында түрлі меншік форманың және экономиканың болуы да (ұтымды және мемлекеттік) еді.

Социал-реформатикалық және социал-демократияның басқаруының кезінде бүтін экономика саласындағы және жеке ірі өнеркәсіпті ұлттандырудың нәтижесінде айтарлықтай ірі мемлекет сектор қалыптасты. Ол Батыс Европаның алдыңғы қатарлы елдерде өндірістің 20-25% қамтыды. Аралас экономикасы мемлекеттік жоспарлау және ерекшеліктері мен жекекәсіпкер инициативасын қадағалаудан құралды.

Экономика саласындағы жетістіктер негізгі мен мемлекет әлқуаттығының механизмдерінің қалыптасуына алғышарттар жасады. Ондағы бұхаралық халық арасында жүргізілетін бағдарламалар, жұмыс орындарын құру, білім беру, денсаулық сақтау, зейнетақы мен қамтамасыз ету, жүйелерін қолдау негізгі орынға ие болды. Мемлекеттің

еңбек пен капитал қатынастарына араласуы ерекше мәнге ие болды. Мемлекеттік органдар кәсіпкерлер мен провсоюз арасында қалыптасқан мәселелерді шешуде ерекше ролге ие болды. Олардың арасында ұжымдық келіссөздерге қатысты. Мемлекет білім беру, денсаулық сақтау, ғылым жүйелерінің дамуына ат салысты. Сонымен қоса азаматтарға іс бастау үшін көмек беру көзделді. Мемлекеттің негізгі саясаты көпшілік бұхаралық халықтың өмір сүру деңгейін, қамтамасыз етілген таптың деңгейіне көтеру болды. Өмір сүрудің басты салалары бойынша әлеуметтік көмек беру арқылы әлеуметтік теңсіздікті жою мақсаты алға қойылды. Бұл қыз-келіншектерге, балаға берілетін отбасылық пасобия, мектепте тегін білім беру, кәрілік шақта зейнетақымен қамтамасыз ету, жұмыссыздық пен жұмысқа қабілетсіздік үшін пасобиялар мен қамту т.б. жатады.

Бұл принциптер скандиновал немесе шведтік социализм деген атқа ие болып, Дания, Норвегия, Швецияда тарады.

Бұл модельдің ерекшелігі қысқа мерзім ішінде жоғары деңгейлік экономиканы қалыптастыру, еңбекке қабілетті халықты толығымен жұмыспен қамтамасыз ету, кедейлікті жою (ликвидация), ең дамыған әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құру, мәдениет пен сауаттылық деңгейінің жоғары дамуы. Бұл модельді кейде «функционалдық социализм» деп атайды. Өйткені әлеуметтік әділеттікті сақтап қалу мақсатында демографиялық мемлекеттің ұлттық табысты үлестіру қызметін атқарады.

4. КСРО және т.б. социалистік мемлекеттерінің басшыларымен коммунистері таратқан теорияларының көптеген принциптері іс-тәжірибе жүзінде Батыс Европа мен Солтүстік Америка елдерінде қарқынды жүргізілді. Осындай саясат бірқатар экономиканың, саяси, әлеуметтік проблемаларды шешуде үлкен роль атқарды. Мемлекетті жұмыспен қамтамасыз ету, құрылыстар салу, ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын бір қалыпта ұстау, жұмыстыққа, пасобия, қариялар мен қызметке қабілетсізберді зейнетақымен қамтамасыз ету т.б мәселелерді шешу арқылы өнеркәсібі дамыған елдің басшыларына әлеуметтік жна – жалдарды бір шама жеңілдетуге көмектесті.

Нарықтық экономика мен жеке кәсіпкершілік төменгі тап кәсіпқой адамдарының жоғарғы тап қатарына қосылуына қолайлы жағдайлар жасайды. Өз кезегінде қамтамасыз етілген тап кәсіпкерлері де өз позицияларынан айырылып жалдамалы жұмысшылар қатарына толықтыруда. Жағдайлардың әсері мен экономика саласында үстем етуші франциялардың мен бір – бірімен қарым – қатынастық күштері өзгеруде. Қазіргі индустриялы қоғамда осы факторлардың нәтижесінде қарсы әлеуметтік топтардың қарама қайшылықтарын жеңілдетті. Бұндай өзгерістер ХХ ғ. 70 – 90 ж. ж көрінеді.

Дегенмен бұл капитализм қоғамында қалыптасқан проблемаларды шеше алды деген сөз емес. П.Д.ж.с. қалыптасқан алып күші Батысқа тек кризистен шығып қана қоймай (уақытша) с.қ. соғыстан кейін де әлеуметтік және техникалық дамуда үлкен талпыныс жасады. Бірақ ұлтшылдықтың әскери жеңісі және коммунизмнің өзінен-өзі күйреуі де батыстық өмір сүру тәсілінің және жүйесінің шынайы екеніне дәлел бола алмайды. Мәдениеттің Европалық қоғамның вице-президенті А. Леви. Атап кеткендей «Тарих бізге қалыптасқан кризистер және капитализм мен демократия арасындағы қарама-қайшылықтардың арқасында коммунистік жүйеге жеңіске жету үшін үлкен мүмкіндіктер бергенін көрсетеді.

Бірақ Батыстың қазіргі тандағы жағдайлардың жақсаруына қарамастан ондағы өмір сүру тәсілінің кризисі әлде де күн тәртібінен алына қойған жоқ.

Кең тараған әлеуметтік бағдарламаға қарамастан, көптеген елдерде терңдей түсуде. Кейбір елдер әлеуметтік жанжал аренасына айналды және олар бас көтеру, стечка, демонстрациялардан көрінеді.

Бұл жағдайдан соғыстан кейінгі алғышарттардан тіпті 70-ші жылдарға дейінгі кәсіпті дамыған елдердің саяси өміріндегі жұмысшы және коммунистік қозғалыстардың болуы дәлел болады. Италия, Франция және т.б. елдерде әлеуметтік және ішкі саяси даму процестері мен бет-бұрыстарына коммунистік партиялар мен олардың басқаруында болған профсоюздар ықпал жасады. Олардың басқаруымен 50-60 ж әлеуметтік заңдылықтардың

кабылдануы, пационализациялау, және мемлекеттің реттеуші және қадағалаушы ретінде қызметін кеңейтуі үлкен роль атқарады. Бірақ кейінірек көрінгендей Батыста революциялық өзгерістер құрған қоғамдық саяси жүйе, негізгі тап пен халықтың арасында айтарлықтай қолдау таппады. сыншыл идеологиялық кризистердің тууы және КСРО мен соцмолистік елдерде коммунизмнің күйреуі 80 – 90 ж. ж коммунистік қозғалыстардың саяси күш ретінде қоғамдық саяси аренадан кетті.

5. 80-90ж кең көлемді оқиғалар мен процестердің Шығыс Европа мен КСРО бастаған дәстүрлі идеологиялық саяси құрулар мен проблемаларға ориентацияланудың сай еместігі туралы жаңа көзқарастар қалыптасты. Мемлекеттің экономикасын әлеуметтік саладағы ролін қайта қарау керек екені белгілі болды.

Бұл 70-80ж аталмыш консервативі емес толқындардың әсерінен көптеген жеңімпаз елдерде саяси партиялар мен қозғалыстар кейінгі орынға қойылып, және консервативтік күштердің жеңісіне жеткенінен көрініс табады. Олардың бағдарламасында мемлекеттің экономикадағы ролін қысқарту, денационализациялау, приватизациялау, жеке инициативасын жаңғырту, бәсекелестік, әлеуметтік және саяси салада нарықтық принциптердің болуы негізгі орын алды. Адам құқығы мемлекеттік және халықтық мәселелердің бірі болды.

АҚШ басшылығына Р. Рейгонның 1980-1984ж екі рет, Англияда М.Тэтчердің басшылығымен консерваторлардың қатар үш рет сайлануы,ФРГ-да, Италияда, Францияда парламенттік және жергілікті сайлаулардың нәтижелері осы бағыттағылардың идеялары мен урондары көпшілік арасында қолдау тапқанын көрсетеді. Бұндай идеялар мен басқада әлеуметтік саяси күштер, социал-демократиялық, социалистік партиялар арасында кеңінен тарады. 80-90ж билік басындағы социал-демократиялық партиялар консервативті емес денациялау, децентрализациялау, шешім тарату экономикалық орнын жүргізді.

6. КСРО—н басқа да социалистік елдердің орталықтағы жоспарланған экономиканың кризиске үш процент сол кең таралуы мен тереңдеуіне алып келді. Ол бүкіл әлемге тарады. Соңғы 2.3. онжылдықта сол партиялар мен қозғалыстардың капиталистік дамыған елдерде әсіресе беделі әлсіреді. Бұл процеске кері әсер етуші (негатив) факторлардың бірі мен социалистік елдердегі социалистік іс-тәжірибенің сәтсіздікке ұшырауы болды. 30-шы жылдары АКСРО әлем жұмысшыларының арасында жұмыссыздық пен қайыршылықтарды жою, әлеуметтік заңдылықтарды енгізу, экономикалық кристе өндіріс мәселелерді шешудің нәтижесінде үлкен беделге ие болатын.

Социалистің құрылуымен жоспарлау, орталықтандыру лозунгтары 70ж өзінің тартымдылығын жайды. Құрамына солшылдық, консерватизм және либерализм элементтерін жинақтаған аралас экономика Батыста беріктене бастады.

Қарастырылған континентте тоталитарлық бейнесіндегі саяси жүйеде ерекше әсер етті. Бұл жүйе тек толық экономикалық, саяси, идеологиялық автократиямен қатар, демек өзге елдерде болып жатқан процестерден көпшілік халықты шектеу арқылы жүзеге асады. Тоталитарлық жүйенің шырқау шегіне жету кезеңі, оның толық жабылуымен сай келгені бекер емес.

Информациялық және телекоммуникациялық революцияның нәтижесінде мемлекеттер арасында идеялар мен информацияның алмасуын күшейтті, бұл олардың перспективаларының сақталып қалуына кедергі жасады. Алдымен гитлерлік Германияның құлауы, содан кейін КСРО мен басқа да социалистік елдердің сәтсіздікке ұшырауы тоталитарлық жүйесі адамзат даму жолын түкпірге алып баратынын айқындады. КСРО-ның құлауы бір-біріне қарсы бәсекелес, басқарушы әлемдік 3-елдің бөлінуін тоқтатты.

КСРО-ның құлауы мен «ққс» аяқталуы әлемнің саяси идеологиялық жағынан екі континентті оське бөліну тәртібі күйреді. «Батыс» деген саяси идеологиялық түсініктің өзі мағынасын жоғалтты. Жапония мен басқа да тынық мұхиттық Азияның жаңа индустриялы елдері Азия мемлекеттеріне қайтарылды. Идеологиялық ерекшесіне қарамастан басқа елдермен, аймақтармен қарым-қатынас жасай алды. Әлемдік елдердің саяси идеологиялық және саяси критерилеріне байланысты 3-ке бөлінудің мәні жоғалды. Ендігі жерде

демократия принциптерінің тенденциясының глобальдық салтанат құруына мүмкіндік туды. Демократиялық режим Батыс, Германия, Италия, Жапония, Индия т.б. елдерде тараған болатын. Соңғы екі жүз жылдың ішінде ол Латын Америка, Азия сияқты Батыста тоталитарлық және автократиялық режимдері үстем еткен елдерде де тарады. 70ж бастап Оңтүстік Европа, Греция, Испания, Португалия елдерінде үстем етуші режимдерге қарсы демократиялық толқындар жүріп, ол бүкіл планетаны дерлік қамтыды.

Дегенмен ең үлкен талпыныс 80-ші соңы мен 90ж басында Шығыс Европа мен КСРО да жүргізілді. Демократиялық саяси жүйенің, игіліктер мен құрулар мен нормалардың экспанциясы бүкіл планеталық масштабқа жайылды. 1,5-2 жыл ішінде демократиялық қайта құруға бүкіл Шығыс Европа елдерінің барлығы көшті. Бұрынғы советтік тәуелсіз елдердің көпшілігі нарықтық экономика мен саяси құрылыстың демократияның формасын таңдады. Демократиялық Латын Америкасы айтарлықтай табыстарға жетті. 1989ж кейін Африка континентінде үстем етуші автократиялық және жалғыз партиялық режимнің әлсіреуінің нәтижесінде демократия үлкен табыстарға жетті. 1998-1992ж көптеген Африка елдері (Буркина-Фасо, Комерун, Мадагаскар, Мовритания, Нигерия, Сенегал т.б.) көптеген партиялар негізінде сайлаулар өткізген болатын. Филиппин, Оңтүстік Корея, Пакистан, Бонгладеште автократиялық режимдердің жойылуымен демократияны үстем ете бастады. Айтарлықтай жетістіктер араб елдері:--Йемен, Иордания сияқты Алжир, Монғолия, Непал, Берлинде жүргізілді. Сол сияқты халықтық аренада үлкен беделге ие, жартылай және ашық автократиялық формада басқарылатын елдер табы сақталып қалды.

Әлеуметтік – экономикалық дамудың негізгі бағыттары.

1. Ғылыми техникалық прогресс нәтижесі.

2. Қазіргі батыс қоғамның әлеуметтік құрылымы.

2. Бүкіләлемдік экономикалық жүйе.

1) II д.ж.с. аяқталысымен дамыған капиталистік елдердің алдына қойылған басты мәселе күйзелген экономиканы қайта құру болды. Бұл мәселені шешумен экономиканың жеделденген интенсивті дамудың ұзақ кезеңі басталды. Соғыстан кейінгі жылдары ғылыми техниканың жедел дамуы оның өнеркәсіптік күшке айналуы жетістік болды.

Ғылыми техникалық прогрестің бірінші толқыны 140 ж аяғы мен 50 ж басында экономикалық инфроқұрылымды революциялады. Ғылымның жаңа салалары авиоғарыштық, радиотелевизиондық, техникалық т.б пайда болды. Соғыстан кейін әскери өндірістік кешеннің дамуы кең өріс алды. Ғылым мен техниканың дамуы барысында жаңа типті қарулар шығару, оларды керек жерлерге жеткізу, тіпті алыс орналасқан объектіні қысқа уақыт ішінде күйретуге мүмкіндік туды.

Аталған факторлар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық салаларын модернизациялауға мүмкіндік беріп, экономикалық дамуды тездетті. 50-60 ж.ж экономиканың қарқынды дамуына байланысты «Германиялық ғажайып», «Италиялық ғажайып» деген түсініктер кең тарады.

70 ж II жартысында ғылыми техникалық дамудың жаңа толқынының басталуымен капитализм дамуының жаңа дәуіріне аяқ басты. Бұл революцияның нәтижесінде электронды анықтаушы машиналар, экономикалық компьютеризациялау, станоктарды программалар арқылы басқару, информацияларды құру және сақтау т.б пайда болып, одан әрі дамыды.

Жаңа технологияның пайда болуы еңбектің рөлі мен мағанасын өзгертті. Бұл жетістіктер түлі салаларда адам еңбегін жеңілдетті. Адам тек қадағалаушы, реттеуші қызметін атқарды. Еңбек және капиталмен бірге информация мен білім де жоғары рөлге ие болды.

Қазіргі таңда техниканың лабораториялық зерттеулерімен ғылымдық – фундаментальдық зерттеудің нәтижесімен байланысы елдің техникалық прогресі мен экономикалық бәсекелестік қасиеттеріне тікелей ықпал етеді. 1988 ж бүкіл әлемнің ғылыми зерттеулер мен құру жұмыстарына шамамен 450-500 млрд 8 жұмсалды. Оның көпшілік мөлшері АҚШ – 40 млрд, мен Канада – 90 млрд, Жапония – 50 млрд құрады.

II д.ж.с кейінгі ғылым мен техниканың ауылшаруашылық саласында да жетістіктерге жете білді. Бұл феномен «Жасыл революция» деген атпен егін шаруашылығында дәнді дақылдардың сортын жақсарту т.б мақсатында жүргізілген зерттеулердің жетістіктерінен көрініс табады. Бидай өндіру деңгейі 1950-1985 ж дейін халықтың өсу деңгейінен оқып түсті. Оның өндіру мөлшері 700 млн тоннадан 1,8 млрд тоннаға дейін, яғни жылына 2,74 өсті. Осы кезеңде халықтың өсу деңгейі 24 құрайтын еді. Молекулалық биологияның дамуының нәтижесінде азық-түлік тапшылығының орнын толықтыратын бидай сырттары пайда болды.

2. Аталған процестің өзгеруімен XX ғ батыс қоғамының әлеуметтік құрылымы өзгеріске ұшырады. Ғылым мен техниканың дамуы кәсіптің адамзаттық факторларына үлкен әсерін тигізеді. Бұл жұмысшы күштердің жалпы білімділік және кволиорлық деңгейінің өсуімен. Ой еңбегінде жұмыс орындарының көбеюі, экспорт, ғылыми техникалық, инженерлік мамандықтар бойынша мамандардың ролінің жоғарлауынан көрініс табады.

Ой еңбегінің жұмысшылар саны өсті. Бұл жаңалықтар нәтижесінде еңбектің түрлі салаларында еңбекті ұйымдастыру мен еңбек және өндіріс қазақстанда өзгерістер туғызды. Ғылымның дамуы жаңа мамандықтардың пайда болуын талап етеді. Олар қоғамда үлкен беделге ие бола отырып жоғары жалақы алды. Әкімшілік басқару қызмет орындарында жаңа мамандар билік жүргізу, товар өндіру және реализациялау, жаңа қару-жарақтарын жасау үшін қажеттігі туды. Оларды мемлекеттік бюрократия, қлғамдық және саясиұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдар қатарына қосу процесі күшейді.

Қоғамда экономикалық және әлеуметтік жағынан белсенді «жаңа орта топтың» санының өсуі индустриялық қоғамдық құрылымының өзгеруіне алып келеді. Буржуазия мен пролетариятқа қарсы тұра алатын көп қабаты Деферацияналдық әлеуметтік құрылым болып табылады. Оның негізі бөлігін орта топ құрады. Осы топтың өзінде өзгерістер жүрді. Бұрынғы фермер, ұсақ кәсіпкер акциомаркетинг және информациялық тағы басқа қызметкерлерінде салаларындағы мамндар қосылды. Буржуазия үстемдік еткен пирамида формасындағы әлеуметтік құрылымды, жаңа ромб тәріздес модель алмастырды. Демек мұнда қоғамның көпшілігін орта топ құрады.

Қазіргі батыстық (әлеуметінде) социологиясында қоғамда мынадай базалық категорияларға менеджері мен иелері, әкімшілік пен әскери шендер, мед, мәд, экономикалық ірі өкілдері жоғарғы топ (фирмалық менеджері төленетін төленетін дәрігерлер мен биржалық брокерлер), жоғарғы орта топ (мұғалім, дәрігер), орта орта топ (страхования компанияның қызметкері, бастауыш мектептің оқытушылары тағы басқа) орта топ (автомеханик, парикмахер, автотрас жүргізушілер, бармен, полицей тағы басқа) орта топ (таксист, офицант, тігінші), орта квалификацияланған жұмысшылар тобы (квалификацияланбаған жұмыс күші, қызметші, аула тазалаушы тағы басқа) және люмпенизироваланған жұмыссыздар мен бродегалар.

(Дәстүрлі топтық бөлініс).

Индустриалды қоғамда дәстүрлі топ бөлінісіне яғни қоғамдық өндірісіндегі орны мен роліне ғана қарап қоймастан сонымен қатар табысы, мода, білімділігіне тағы басқа ерекшеліктеріне байланысты топтастырылады. Батыс қоғамының құрылымының басты ерекшелігі әлеуметтік иерархия баспалдағынан оңай қозғалатын әлеуметтік мобилдіктің деңгейдігі болады.

3. Батыс қоғамдағы саяси-экономикалық қақтығыстардың жаңа сипатқа ие болуы халықтық экономикалықкеңістікті де өзгерте білді. Коммуникациялық жаңартылған түрі бүкіл планеталық масштабта тауар экономикалық байланыстарын жеңілдетті. Мәліметтер бойынша әлемдік шет ел инвестициясының көлемі 1995 жылы 2,6 тран \$ жетті. Яғни 1 жыл ішінде 235 млрд \$ млн өскен. Бұның 90% транснацияналды корпорациялардан түскен болатын. Әлемдік сауданың өсуіне халықтық сауда негізі фактор болды. Ғасырдың соңғы ширегінде халықтың сауда жылына 5,5% өсті. 1992 жылы көпұлтты корпорацияның сату көлемі 5,5 трлн \$, бүкіл әлемдік экспорт көлемі осы жылы 4 трлн \$ құрады. Сонымен қатар шет ел инвестициясы 2 трлн \$ өсті, ал 1987 жылы ол осының тек жартысын ғана қамтыды.

Әлемдік экономикада интеграциялық процестерде күшейе түсті. Қазіргі таңда 15 интеграциялық ұйым тіркелген. Бұлардың бір қатары айтарлықтай жетістіктерге жетіп айқын экономикалық және саяси күшті құрайды. Бұған негізінен 12 Европа елдерінен құралған Евро одағының және (НАФТА) құрамында Ақш, Канада және Мексика кіретін Солтүстік Америкалық еркін сауда жүргізу ассоциациясын кіргізуге болады.

Әлемдік банк, халықтық валюта фонд (НҚФ) және басқа да қаржылық ұйымдар мен институттар қызмет етуде. 35 елден құралған ХВФ әлемдік экономиканы өз қолына алған ұйымға айналды. Бұл көп түрлі байланыстар жүйесі құрылымдар мен жеке мемлекеттер арасында кеңінен тарауда. Сонымен қатар ұлттық экономикалық бір-біріне ықпалы өсуде. Бір елдегі инфляция өзге екінші елге өз әсерін тигізеді. Ал экспортқа шығарылатын бағасының өсуінен көрініс табады. Сондықтан да газ, кофе, мұнай тағы басқа товарлардың бағасының өсуі немесе тек сол мемлекеттің ғана емес, ОЭСР, ОПЕК, ЕС және тағы басқа халықтық ұйымдардың шешімімен қабылданады. Көптеген басқа да мәселелерді шешуде мемлекеттің оның ұлттық экономикалық өркендеуіне әсер ететіндігін ескеруі қажет.

Бүкіл планета жеке ұлттық экономикалардан тұратын глобальдық экономикалық жүйеге айналуға.

Әлемдік экономика жүйесіне бірте-бірте әлемнің үшінші қатарлы елдерінің экономикасы да кірді. Дегенмен ескіліктің әсерінен бұлардың экономикалық дамуы әлде де ақсаңдады. Дегенмен, бұл жерлерде жұмысшы топтың деңгейі өсті. Бірақ көпшілік елдерде ол тек 15-20% ғана құрайды.

